

**ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УӘЗІРЛІГІ**

**ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Шет тілдері факультеті

**Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының
IV курс студенті**

Тажибаева Улзаданың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып : «Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері»

Ғылыми жетекші -

ф.ғк.доцент Қ.Аралбаев

НӨКІС – 2015

Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері

Кіріспе

Бірінші тарау. Жанр табиғаты және арнау өлеңдер

1.1. Арнау өлеңдердің зерттелуі мен сипаты

1.2. Арнаулардың жанрлық ерекшеліктері

Екінші тарау. Арнау өлеңдерінің даму кезеңдері.

2.1. Ауыз әдебиеті мен ерте дәуір әдебиетіндегі арнау өлеңдер

2.2. Жыраулар поэзиясындағы арнау өлеңдер

2.3. XIX ғасыр ақындары поэзиясындағы арнау өлеңдер

Үшінші тарау.

3.1. Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері

Қорытынды.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде күн сәулетті Өзбекстанымызда демократиялық қоғам құруды орнықтыру, азаматтардың правосы мен хұқықтарын қорғау, тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта, бекемдей түсу жолында аса шапшған қарқынмен бұрын көрілмеген дәрежеде игі істер жүзеге асырылып келмекте. Әсіресе, халықтарымыз сан мыңдаған жылдар бойы жинап қорытқан әдеби және мәдени мұраға деген көзқарас жақсы түзеліп отыр. Бұл – табиғи нәрсе. Әдебиет дегеніміз – «адамтану ғылымы екен» (М.Горький) адамзат қоғамында, оның даму мен ілгерілеуі жолында көркем әдебиеттің алатын орны мен маңызын ешкім ешқашан жоққа да шығара алмайды, бекерлеу де мүмкін емес.

Біздің Еліміздің басшысы, президентіміз И.А.Каримов өзінің әр кездегі жиындарда сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамалырында, журналистердің сұрақтарына қайтарған жауаптарында болсын елімізде өнер мен әдебиеттің өркендеуіне жақсы жағдайлар туғызу қажет екендігі, Өзбекстанда жасаушы барлық ұлттардың өзара татулығы мен бірлігі, туысқандығы т.с.с мәселелерді нығайтудың жолдары мен әдістеріне үнемі көңіл бөліп отырады.¹

Әсіресе, президентіміздің 2008 жылы жарық көрген «Юксак маънавият – енгилмас куч» атты бағдарламалық еңбегінде қазіргі кезде мәдениет пен әдебиеттің Адам санасын қалыптастыруда қандай құдіретке ие екендігі айқын белгіленіп берілген.

Өзбекстанда жасаушы жүзден астам ұлт өкілдері арасында бір миллионнан артық қазақ ұлты өкілдері де бір адамның баласындай тату жасап келмекте. Олар өз ана тілінде білім алу, өз халқының мәдениеті мен әдебиетінен сусындау еркіне де, құқығына да ие болып қоймастан,

¹ И.А.Каримов. Бізді екінші дәрежелі адамдар деп ойлаушы еді... Нұрлы жол газеті. 18-ақпан.2005 ж.

мүмкіндіктерге де ие болып отыр. Мұны біз Өзбекстанда жүргізіліп жатқан президентіміз И.А.Каримовтың басшылығындағы жарқын ұлт саясатының жемісі деп білеміз, оны бүкіл дүние жүзі қазір тән алып отыр.

Президентіміз И.А.Каримов жоғарыда атап өтілген «Юксак маънавият – енгилмас куч» деп аталатын еңбегінде: «Агарки мандан, хозирги кунда маънавиятимизни асраш учун нима қилиш лозим ва унга тахдид соладиган хуружларга нимани қарши қуйиш керак деп сураса, мен авваламбор шу юртда яшаётган хар қайси нисан узлигини англаши, қадимий тарихимиз ва бой маданиятимиз, улуғ аждодларимизнинг меросини чуқуррок узлаштириши, бугунги тез узгараётган хаёт воқелигига онгли қараб, мустақил фикрлаши ва диёримиздаги барча узгаришларга дахлдорлик туйғуси билан яшаши зарур, деп жавоб берган булардим»², - деп айқын көрсеткен. Міне, біздің алдымыздағы басты азаматтық міндетізді бұдан артық қалай айту мүмкін.

Қазақ поэзиясы - көп жанрлы, көп түрлі поэзия. Солардың бірі – біз өзіміздің мамандық жұмысымызда қарастыруды мақсат етіп отырған – арнау өлеңдері болып табылады. Арнау өлеңдері – ерте дәуірдегі әдебиетіміз бен бай ауыз әдебиетімізден тартып, қазіргі кезеңдегі өскен, дамыған, кемелденген поэзиямызға дейінгі аралықта өзінің өміршеңдігін көрсетіп келе жатыр.

Қазақ поэзиясында ғана емес, жалпы әдебиеттану ғылымында жанр мәселесін зерттеу, олардың жанрлық түр ретіндегі өзіндік ерекшелігін ашып көрсету ісі кейінгі жылдары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Өз алдына жанрлық түр ретінде зерттелмей келген ауыз әдебиетімізге де, жазба әдебиетімізге де ортақ қазақ поэзиясының күрделі саласының бірі - арнау өлеңдер.

Арнау өлеңдер туралы бірді-екілі пікірлер негізінен ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әр түрлі жанрларын зерттеуге байланысты айтылып келді. Бұл турасында жеке монографиялық еңбектеп болмағанымен,

² И.А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент. 2008. 17 б.

Б. Уақатов арнауларды халық өлеңдерінің бір саласы ретінде, Н. Төрекұлов, К.Сейдеханов кейінгі дәуірде жалғастық тапқан жанр ретінде,

Б. Кәрібозов қазақ поэзиясындағы лирикалық өлеңдер қатарында, М, Мырзаахмет, Қ.Өмірәлиев отаршылдық дәуір әдебиетіндегі негізгі тақырыптардың бірі ретінде сөз етсе, арнау өлеңдерге теориялық жағынан З. Қабдолов, З.Ахметов, Д. Ысқақов т.б. теориялық анықтама береді. Сондай-ақ қазақ фольклорындағы қара өлең, толғау, терме жанрын сөз еткен А.Сейдімбек еңбектерінде арнау өлеңдер басқа жанрлармен салыстырыла талданады.

Арнау өлеңдер көптеген халықтардың әдебиеттану ғылымында арнайы жанр ретінде қарастырылған. Тамырын тереңнен алып, бүгінгі күнге дейінгі әдебиетіміздің сарқылмас бұлағына айналып отырған арнау өлеңдердің туу, қалыптасу, даму кезеңдерін, жанрлық, көркемдік ерекшелігін екішеп, айшықтап көрсетудің мезгілі жеткен сияқты.

Біз өзіміздің мамандық жұмысымызға басты зерттеу нысаны етіп, осы мәселені яғни арнау өлеңдер, олардың жанрлық табиғатын алып қарастыруды мақсат еттік. Бітіру-мамандық жұмысы негізінен үш бөлімнен тұрады.

«Жанр табиғаты және арнау өлеңдер» деп аталатын алғашқы тарауында әдебиеттану ғылымындағы жанр мәселесімен қатар ауыз әдебиетімізден бастау алып, ежелгі дәуір әдебиетіміз, жыраулық поэзиямыз, кейінгі поэзиялық түрлеріміздің ұзақ тарихында өзінің туу, қалыптасу, даму, өркендеу, өзгеру қасиеттерімен сақталып келе жатқан арнау өлеңдер кезінде де, бүгін де ауыз әдебиетіміз бен жазба әдебиетіміздің ауыр жүгін көтерген, уақыт тудырған жанрлық түр екендігі баяндалып, терме, толғау, жоқтау, мақтау секілді жанрлық түрлермен салыстырыла қарастырылады.

«Арнау өлеңдердің даму кезеңдері» деп аталған екінші тарауда қазақ халқының бай фольклорынан бастап, бүгінгі әдебиетіміздің мол саласы болып отырған арнау өлеңдердің даму тарихы жүйеленіп көрсетілген және әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі ғылыми тұрғыда тұжырымдалған.

«Арнау өлеңдердің көркемдік ерекшелігі» деп аталған үшінші тарауда арнау өлеңдерде қолданылған көркемдік тәсіл, көркемдік құралдардың мазмұндық, тақырыптық жағынан да жетіле, ширай түскені талдау барысында нақты мысалдар келтіріле отырып баяндалады.

Қазақ поэзиясы рухани өміріміздің негізгі саларының бірі десек, оған сөүсіну, қызығу, оны танып- білуге, зерттеуге деген ұмтылыс аз емес. Ендеше бұл оқу құралы жоғары оқу орындары студенттерімен қатар көпшілік қауымның жеке жанр ретінде зерттелуі кенжелеу қалып келген арнау өлеңдердің табиғатын тануына мүмкіндік береді.

Бірінші тарау. Жанр табиғаты және арнау өлеңдер

1.1. Арнау өлеңдердің зерттелуі мен сипаты

Қазақ халық поэзиясында өзіндік көлемі жағынан молдығымен, көркемдік құндылығымен, тақырып жағынан кеңдігімен көзге түсетін сала - арнаулар. Арнау өлеңдердің шығу тегі, даму тарихы қандай тереңде жатса, оның жанр ретінде қалыптасу тарихы да сондайлық ұзақ.

Арнау өлеңдердің жанрын арнайы қарастырған зерттеу еңбегі болмағанымен, әдебиеттің поэзияға байланысты саласын зерттеген ғалымдарымыз арнау өлеңдер туралы азды-көпті пікір айтып отырған. Оған А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин. З. Қабдолов, З.Ахметов, Р. Нұрғалиев, М.Жолдасбеков, А.Сейдімбек, М.Мырзаахмет, Б. Әбілқасымов, Қ.Өмірәлиев, Н.Төрекұлов, Д.Ысқақов және т.б. еңбектері мысал бола алады.

Сөз өнері ғылымында жанр мәселесі - өте күрделі проблемалардың бірі. Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы пікірлердің бір жүйеге түсіп айтыла бастауы Аристотельден басталады. Ол жанр сипатын әр түрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын ашып беруге тырысқан. Солай бола тұрса да «жанр дегеніміз не, оны жіктеудің шарттары» деген сияқты негізгі сауалдарға жауап іздегенде, басы ашылмаған қиындықтар туындайды, әр кезде оларды шешудің түрлі жолдары ұсынылып отырған.

Қазақ ауыз әдебиетінің кейінгі дәуірдегі жанр мәселесін зерттеген Н.Төреқұлов бұл мәселе туралы өз ойын былайша білдіреді: «Халық өлеңдерін ішкі жанрлық түр жағынан былайша жіктеуге болады:

1. Халық лирикасы: саяси лирика, арнау, мадақтау, тарихи өлеңдер, қара өлең, желдірме және т.б» [13] Көріп отырсыздар, бұл жерде арнау лирикасының бір саласы ретінде аталған.

Сатира жанрын зерттеуші ғалым Т Қожакеев: «Жанр дегеніміз- белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы,»- [14] деп көрсетеді. Ал бұл принципке сүйенсек, арнау өлеңдердің басты белгісі - белгілі бір объектіге сөз арнау. Р.Нұрғалиев: «Жанр тудыратын элементтер деп- сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтуға болады» [15]- деп, жанр ұғымының аса күрделі көркемдік компоненттердің жиынтығынан құралатындығына назар аударады. Бұл аталған мәселелер толығымен арнау өлеңдерде бар. Айтылған пікірлерден жанрды анықтауда көптеген ғалымдардың көркем шығармалардың өзіне тән белгілерінің бір топқа жиналуын баса атап көрсететіндігін көреміз. Бірақ бұл түсінік екінші жағынан жанрдың табиғатын терең түсінуге қиыншылық та туғызады. Себебі кей жағдайда бір топқа енеді деген шығармаларды белгісіне қарап топтастырудың өзі мүмкін емес.

Қазақ поэзиясындағы толғау жанрын зерттеген Б.Әбілқасымов: «Толғау жанрын анықтауда ғалымдар негізінен мазмұнын басшылыққа алу тұрғысынан келген»,- [20] деп көрсетеді.

Арнау жанры мен толғау жанрының өзіндік ұқсастығының, мазмұндық бірлігінің мол екендігіне ғалым өз еңбегінде біраз тоқталып өткен. Арнау жанрының этимологиясы толғаумен үндес жатқанын зерттеу еңбегінен анық байқаймыз.

Оның басты себебі – жыраулық, ақындық поэзиямен тікелей байланыста туған арнаудың да, толғаудың да кемелдену шағының ұқсас

екендігі, толғаудағы басты белгі философиялық ой дегенді алға тарта отырып, көптеген арнауларды толғау ретінде зерттеу объектісі етті.

Белгілі ғалым-фольклорист В.П Аникин ауыз әдебиетіндегі жанр мәселесін саралай келіп жанрды былай түйіндейді: «Жанр - ол түр, немесе нақты айтқанда, белгілі қоғамдық және өмірлік нақты мазмұнды беретін шығарманы іштей ұйымдастырудың композициялық- құрылымдық типі»³

Арнау жанрының ерекшелігін осы тұрғыда қарастырсақ, ол өзінің туу, даму кезеңінің барлық сатысында қоғамдық, әлеуметтік мәселелер көтергенін және оны белгілі композициялық тұрғыда бере білгенін көреміз.

Мұны нақтылай айтып отырғанамыздың себебі, осы кезге дейін арнау өлеңдерін лириканың бір түріне жатқызып келдік. Ал лириканың күрделі композицияға ие бола алмайтыны, ал керісінше арнау өлеңдердің композициясы өте күрделі екенін ескерсек, лирика мен арнау өз алдына жеке жанр екені тағы да айқындала түседі.

Оған мысал - арнау өлеңдердің аты. Арнау деген атының өзі оны басқа жанрлық түрлерден ерекшелеп тұр. Жаңадан туған ұғымды тыңдаушы өзінің тәжірибесі, танымы арқылы бұрыннан білетін өз заманы кезінде бар осы тектес шығармамен, жанрлық канонмен салыстырады.

Фольклорлық және әдеби шығармаларды түрлі жанрларға бөлгенде, біз шығарма түзілісінің әр түрлілігін айтып қана қоймаймыз, өмірлік құбылысты сан-салалы әдеби тұрғыда беруге болатынын да еске аламыз. Жанр мәселесіне бұлай жан-жақты тоқтау себебіміз - арнау өлеңдердің жанры туралы қазақ әдебиетінде пікірлер әр қилы. Бір ғалымдар оны лирикалық өлеңнің бір түрі ретінде, екінші бір зерттеушілер оны ежелгі халық өлеңінің түрі ретінде, үшінші бір ғалымдар оны жеке жанр ретінде емес, жанр туғызушы элемент ретінде сөз етеді

Қазақ халық поэзиясында ежелден келе жатқан жанрлар - толғау, өлең, жыр. Егер бұл жанрлардың тарихына тереңірек үңілсек, бір кезде толғау, жыр сөзімен қатар «сөз» деген ұғымның да қолданылғанын

³ Коган.М.С. Мифология искусства.Л..1972.281.

байқауға болады. Кезінде Ш Уәлиханов «өлең» сөзі «қазақ даласына қолдануға кіргеніне елу-алпыс жылдан аса қойған жоқ», - деп жазды⁴.

Егер біз кезінде арнау сөз, толғау сөз, арнау өлеңдер деген ұғымдардың кеңінен қолданылғанын ескерсек, арнау жанры жоғарыда айтылған пікірлерді дәлелдегендей, өз бойында ежелгі жанрлар белгісін (өлең, толғау, терме) де, кейін өзі ие болған мағынаны да жинақтап жеке жанр ретінде қалыптасқанын байқаймыз.

Арнауға тән қасиет оның авторы және сөз арнайтын нақты объектісі болу керек болса, термеде бұл міндетті емес, терменің авторы болуы да, болмауы да мүмкін. Терме тәлім-тағлым беруді, жақсыдан үйренуді, жаманнан жиренуді, қоғам құбылысын, адам қасиетін теріп айтуды өзіне негізгі міндет етеді.

Арнауды термеге жақындалатын қасиет - термеде де мақтау, даттауды пайдалану бар және арнау да, терме де көлемі жағынан шағын болып келуі еді.

Арнауда кеңінен пайдаланылатын фразеологиялық тіркестердің термеде өте сирек қолданылуы да бұл жанрлардың өзіндік ерекшелігін сипаттайды.

Арнау түрінде жазылған шығармалардың жанрлық белгілерін талдап тануда жоғарыда аталған ғалымдар пікірін пайдаланып, біріншіден - оны тарихи- салыстырмалы, екіншіден - генеалогиялық тұрғыда, үшіншіден - мазмұндық ерекшелігін ескеріп, төртіншіден - оның диалогтық сипатын еске ала отырып зерттеген жағдайда ғана іске асыруға болады.

Арнауға байланысты бұдан кейін айтылған пікір - академик Қ.Жұмалиев пікірі. Ол: «Арнаулар - біреуге немесе көпшілік қауымға бағыштай жырланады. Өзінің лирикалық көңіл-күйін ақындар арнау арқылы білдіреді.»⁵ - деп, арнауды лирикалық шығарманы саралау

⁴ Валиханов Ч.Ч. Собр.сочинений. Алма-Ата.1961. т 1.стр 380.

⁵ Қ.Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихы мәселелері. 1968. 346 б.

тұрғысынан қарастырады. Бұдан кейін ғалым арнауды лириканың бір түрі ретінде қарастыра келіп, А Байтұрсыновтың бөлулерін қайталайды.

Арнау өлеңдерін академик З. Ахметов: «Арнау өлең - белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды...Бұл үлгідегі өлеңдердің негізгі ерекшелігі - олар жай біреуге құрмет сезімін білдіру үшін арналған шығарма»⁶,- деп шығарманың тұтастығын тілге тиек етеді.

Ғалым М Мырзахмет: «Арнау өлең - поэзия жанры. Әрбір заман тудырған арнау өлеңдерінің идеялық мазмұны сол өлеңді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты»⁷,- деп, арнау өлеңдерін кезеңмен байланыстыра зерттеуді ұсынады.

Ауыз әдебиетіндегі арнау өлеңдер туралы пікір айтқан Қ. Сейдеханов: «Жеке бір кісіге немесе көпшілік қауымға арналған өлеңдер басқа халықтар әдебиеті мен фольклорында көп кездеседі. Бірақ бұл өзге ұлттардың лирикалық поэзиясында жанрлық түр ретінде қалыптаспағаны байқалады. Ал, қазақ халық лирикасында арнау өлеңдер байырғы түрге жатады»⁸,- деп арнау өлеңдердің ежелгі жанр екенін мойындайды.

1.2. Арнаулардың жанрлық ерекшеліктері

Арнау өлеңдердің жанр күйінде орнығуы - қазақ әдебиетіне ғана емес, басқа ұлттар әдебиетіне де тән .Мәселен, орыс өлеңдеріндегі «послание», яки арнау классикалық жанрлар құрамында қарастырылып келеді және оларға бүгінгі орыс поэзиясынан да мысалдар көп. Бұл жерде бір ескеретін мәселе, қазақ өлеңіндегі кешегі, бүгінгі арнаулар - қазақ әдебиетінің өз топырағының төлтумалары. Жазба әдебиеттегі арнаулар жөнінде әңгіме айтқанда, әрине, ұлттар әдебиетінің бір-біріне шығармашылық тұрғыдан әсер-ықпал ететінін жоққа шығаруға болмайды. Қалай болғанда да халқымыздың тарихы мен тағдырын, оның қалаулы ұл-

⁶ Жанр сипаты. Алматы. «Ғылым».1981. 270 б

⁷ М.Мырзахметов.Мұхтар Әуезов жәнге Абайтану проблемалары. 1986. «Ғылым» 296

⁸ Сейдеханов К. Қазақтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиясы. Алматы.1975.280 б

қыздарының өмірін, халық өмірінде болатын ерекше жағдайлар мен құбылыстар туралы әдебиеттің түрлі жанларынан білетіндігіміздің үстіне, осыларды арнау өлеңдер арқылы да ұғына тыңдағанымызды, түсінетіндігімізді жоққа шығара алмасак керек.

Арнау өлеңнің жанрлық сипаты мен өзіндік ерекшеліктерін «арнау» сөзінің көркемдік семантикасынан-ақ біраз байқауға болады. Арнау өлеңдердің ішкі жанрлық мүмкіншіліктері, жасалу технологиясындағы тәсілдер мен әдістер сыры, арнаудың жекелеген үлгілеріндегі әдеби мінез бен тартыстың жай-күйі, өлеңдердің генезисі, тарихы, бүгінгі өмірі, түрлері, басқа өлеңдерден айырмашылығы, көркемдік, пішіндік ерекшеліктері жайлы зерттеу, ұлттық сипатын ашу мәселесіне де жан-жақты, тереңірек үңілуді қажет етеді. Арнау атынан-ақ көрініп тұрғанындай белгілі бір адамға, құбылысқа, не болмаса деректі затқа бағыттталып шығарылады. Осы бағыттылық оның композициялық құрылымына әсер етіп, яғни көпшілік жағдайда екінші жақтан, өзінің арналған нысанынан (объектісінен) басталып, содан кейінгі бөлімдерінде сол нысанның дерегі болып отырған адам не затқа, құбылысқа мінездеме, сипаттама жасалуы-арнау өлеңдердің өзіндік сипаты, ерекшелігі болып саналады. Бұл жерде арнаудың деректі поэзиялық туынды екеніне көз жеткіземіз, деректі поэзия болғандықтан да, онда суреттілік (описательность) пен сипаттау басым боп келеді. Арнаудың деректі, дерексіз болып бөлінуі өлеңдегі объективтік не субъективтік сипаттың қайсысының негізгі шешуші қызметіне, айрықша рөл атқаруына байланысты. Арнау поэзиясының субъективті сипатына айрықша тоқталғаннан, ондағы ақынның (субъектінің) рөлі жоққа шығарылған деген теріс түсінік тумауға тиіс. Арнау өлеңдерінде де ақын рөлі бір мысқал төмендемейді, қайта ол күшейіп, ақынның «мені» бірінші кезекке шығады. Осы жерде өлең тудырудағы ақын қызметінің біркелкі еместігі байқалып қалады.

Арнау өлеңдердің бүгінгі поэзиямызда саны мен сапасы жағынан өздеріне лайық орындарын алып, ауыз әдебиетіндегі, толғау дәстүрлі

поэзиямыздағы, Абай мен Мағжан шығармаларындағы арнау өлеңдермен логикалық түрде байланысып отыруы олардың әдебиет тарихындағы тұрақтылығын, өміршеңдігін үнемі даму үстінде екенін көрсетумен бірге, арнаулардың қазақ өлеңінің бірден-бір ұлттық жанрлары болып саналатындығына дәлел бола алады. Сондықтан қазақ өлеңінің ұлттық дәстүрін арнау өлеңдерсіз әңгімелеудің, зерттеудің мүмкін еместігі және толық болмайтындығы түсінікті болса керек. Олардың бүгінгі әдебиеттегі өмірінен өлеңімізге тән ұлттық сипаты танылатыны мен табылатыны күмәнсіз. Арнау өлеңдердің кейіпкері «персонаж» түрінде ғана емес, құрылымдық, композициялық желісі, бейнелеу тәсілі мен әдісі, пішіндік сипаттары, тіпті, көлемінің өзін басқа өлеңдермен салыстыра отырып зерттеу арқылы олардың ұлттық сипаттарын таныта түсуге болады.

Қазақ әдебиетіндегі арнау жанрын зерттеу арнау өлеңдерінің ішкі жанрлық мүмкіншіліктерін, оның туу, қалыптасуындағы әдістер мен тәсілдердің сырын, ондағы мінез бен тартыстың сипатын, ұлттық ерекшеліктері мен тарихи жолдарын, туу, қалыптасу, даму арналарын, басқа лирикалық жанрлармен, өлеңдермен ұқсастығы мен ерекшеліктерін т.б. жайлы әңгімелеу аталған мәселеге тереңірек баруға, оның табиғатын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Арнау өлеңдер - түркі тектес халықтар әдебиетінің барлығында бар жанр. Бірақ тарихи даму кезеңдеріне байланысты ол кейін әр халықта әр түрлі дамыған. Сондай-ақ арнау өлеңдердің әр халықта түрлі жанрлар құрамында қарастырылуы да бұл жанр тарихының тереңдігін көрсетсе керек.

Арнау өлеңдердің алғашқы белгілерін ежелгі жоқтау өлеңдерінен кездестіреміз. Жоқтау жырларының алғашқы үлгілері өлген адамды мақтау түрінде көрініс бергенін Е.Тұрсынов өз еңбегінде айта келіп: «Аруақтарға арнап айтылған өлеңдер жоқтау түрінде емес, мадақ түрінде айтылған»⁹, - деп ой түйеді.

⁹ Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы. «Ғылым» 1976. 200 б.

Бұрынғы кезде өлген адамға ас берілгенде, сол аруаққа арнап мадақ жырын қазақ жыршыларымен қатар қырғыз жомықшылары да айтатын болған. Мадақ жырында өлген адамның туылғанынан бастап істеген ерлік, жомарттық, даналық істері баяндалған. Қиын-қысылтаяң кездерде жаумен бетпе-бет кездесіп, шайқасқа түскен шақтарда жауынгерлер өз руларының атақты, батыр адамдарының аруақтарын шақырып, оларға арқа сүйеген. Сол себепті де түркі-монғол халқында ұрысқа түсер алдында жыраулар, жыршылар бұрынғы өткен бабаларының ерлік істерін баяндайтын жырларды айтып, жауынгерлердің рухын көтерген

Сонымен қазақтың арнау өлеңдерінің негізі ескі дәуірден аруақ культінен туған мадақ жырында жатса керек. Мадақ жырының бір үлгісі-ежелгі түркілердің VI-VIII ғасырлардағы Орхон, Талас бойынан табылған Күлтегін, Білге қағандарға қойылған құлпытастағы жазуларынан көрініс тапқан

Күлтегін бек- бастаушымыз, құтымыз,
Оғыздардың ордасына кірді.
Күлтегін Өгіз атын мініп,
Тоғыз ерін шанысты.
Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды,
Өңтұтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді.
Қаруларды қағанға еншіледі
Ал әскерлерді сонда талқандадық¹⁰

Жырдағы Күлтегін өмірде болған адам Ол (684-731) ежелгі түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы, сол дәуірдің белгілі қоғам қайреткері ретінде көне тарихтан белгілі.

Жырда Күлтегіннің ерлік істері, туған жер үшін жүргізген қанды шайқастары, оның теңдесі жоқ жеңістері баяндалады.

Түркі халқы, тыңдаңдар!
Көктен тәңірі баспаса,

¹⁰ Ежелгі дәуір әдебиеті. Анна тілі. 1991. 280

Төменде жер айрылмаса,
Ел- жұртыңды кім қорлайды?!
Қасиетті Өтүкен қойнауының халқы!
Біресе ілгері шаптық,
Біресе кері шаптық,
Барған жерде не пайда таптың?

Орхон ескерткіштерін поэзиялық туынды ретінде ғалым

М.Жолдасбеков: «Осының бәрі де кейде адасып быт-шыт болған, кейде ес жиып іргелі ел болған түркі халқына, оның ерлеріне арналған. Осындай арнау түрінде жазылғанына байланысты Орхон ескерткіштерін ерлік жырына жатқызғанның өзінде үндеу, үгіттеу мақсатында туған деп есептейміз. Бұл олардың эпостық құнын төмендете алмайды. Өйткені қазақ эпостары да негізінен арнаумен байланысты туған», - деген пікір айтады

Ежелгі түркі халықтары ислам діні тарағанға дейін Көк тәңіріне, Жер-Су тәңіріне және үйдегі от басы, бала-шағаны қорғаушы Ұмай анаға сыйынған. Бұған «Тоныкөк» жырындағы:

Тәңірі Ұмай қасиетті Жер-Су,
Жеңіс берген екен,
Көп екен деп неге қашамыз,-

деген жыр жолдары дәлел.

Ал, ислам діні біздің жерімізге енген соң жаратқан иемізді мадақтайтын, адамгершілікке, ізгілікке үндейтін жырлар туды. Сондай жырдың бірі - XII ғасырда Түркістанда өмір сүрген ақын Сүлеймен Бақырғаниидің «Ақыр заман» кітабы.

Ей, тәңірім, өзің білесің,
Сенен өзге кімім бар?
Жалғыз дарасың және барсың,
Сенен өзге кімім бар?
Сенсіз қай жаққа кетейін,
Халімді кімге айтайын?

Сенен өзге кімім бар?

Менің де табынушым - сенсің,

Әуелгі де, ақырғы да мақсатымсың,

Сенсіз жетілуді мен білмеймін.

Сенен өзге кімім бар?

Адамзат баласын дүниеге келтіріп, рақым, мейірімін сыйлаған Тәңір мадақталатын жыр біздің діни кітаптарымыздан да көрініс тапқан.

Жан- тәнімен Тәңірді мадақтаймын,

Шын жүректен қасиетті атын ардақтаймын.

Жән- тәніммен Тәңірді мадақтаймын

Маған көп жақсылық істегенін ұмытпаймын.

Ол бар күнәмді кешіріп,

Дертімнің бәрін сауықтырды.

Өлімнен мені құтқарып,

Рақым мен мейірімін сыйлады.

Тілегімді жақсылықпен қанағат етіп,

Қырандай мені қайта түлетеді.

Бұдан арнау жырларының түп төркіні салт-дәстүр, наным-сеніммен, діни ұғыммен қатар туып, дамығанын көреміз. Өзінің тұрмыс-тіршілігінде елге, жерге, ел, жер иелеріне өлең арнау түркі-монғол халықтарының көпшілігіне тән құбылыс. Ежелгі наным-сенім, салт- дәстүрге, батырлар ерлігін дәріптеуге арналған жырлардың жыраулар поэзиясында ерекше көрініс табуы уақыт талабы тудырған жанрлық дүние еді.

Арнау өлеңдер өзінің атауынан белгілі болып тұрғандай шығарманың белгілі бір объектіге бағытталып шығарылуында. Бұл арнау жырын анықтауда басты критерий болғанымен, арнау өлеңдердің өзіндік құрылысы, өлең өлшемдері, объектіні қамту ерекшелігі болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Арнау өлеңдерінің шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты болғанын бұл жанрды арнайы зерттеген орыс ғалымдары да баса айтады.

Арнаудың жанрлық ерекшелігін анықтау мәселесі бүгінгі күні де фольклористер мен әдебиетшілер үшін оңайға түсіп отырған жоқ. Қазіргі кезде арнау өлеңдердің жанрын анықтауда ғалымдар әр түрлі пікірлерді алға тартты. Бұл айтылған пікірлердің бірі қазақ поэзиясындағы арнау жанрын анықтауға келсе, екіншісі келмейді. Тек шығу тегіне, композициясына қарап жанрды анықтап, оның тақырыптық, мазмұндық белгілерін қамтиды. Арнаудың ұлттық ерекшелігін, тарихи кезеңдермен байланысын да естен шығармау керек. Мұнымен қатар, арнау өлеңдерін талдаушылар оның бойында басқа жанрларға тән басқа да белгілер бар екенін айтып жүр. Арнау жанрының синкретті құбылыс екенін тағы да дәлелдей түседі. Себебі шығу тегі, пафостық проблемаларына қарап жанрды ажыратсақ, зерттеушілеріміздің өздері қарастырып жүрген әр заманның өзіндік қозғаған мәселесін, әр кездің тудырған жанрларын бір жерге жинап, қарастыра алмас едік. Біз сөзіміздің басында арнаудың синкретикалық ерекшелігін, яғни өзінің даму кезеңінде өз бойына әр түрлі жанрлардың белгілерін жинақтайтынын айтқан едік. Бұл арнау өлеңдер мен толғаудың, терменің, жоқтаудың, лириканың басқа түрлері арасындағы жікті ажыратуда қиындық тудырып келді және әр түрлі пікір айтуға мұрындық болды.

Қазақ поэзиясында арнау өзінің өміршеңдігімен көрініп қана қоймай, әр кезеңде өзіндік бет-бедерімен ерекшеленген. Заманына қарай оның бейнелейтін эстетикалық нысанасы өзгеріп, соған байланысты уақыттың көкейкесті мәселелерін көрсететін мағына да өзгеріске түсіп отырған.

Бұл айтылғандардың барлығы осы кезге дейін қазақ әдебиеті тарихында арнау өлеңдер өз бағасын ала алмағандығын көрсетеді. Арнау өлеңдердің әдеби процестегі қызметі, оның басқа жанрлардан өзіндік ерекшелігі деген мәселе де әлі қарастырылған жоқ. Бұған екінші тағы бір себеп лириканың, соның ішінде халық лирикасының да жанрлық ерекшелігіне теориялық тұжырым жасалмағандығынан ғой дейміз

Арнау - белгілі бір адресатқа (жеке немесе жиынтық ұғымда) арналған. Ол өлең мәтінінің ішінде көрінетін, автордың белгілі бір тақырыпқа өзінің объектісімен сырласуы (философиялық, эстетикалық, қоғамдық-саяси, өмірлік шығармашылық тақырыптарға) түрінде пайда болған поэзия түріндегі шығарма. Арнау адресаты тақырыпта тура немесе жанама түрде берілуі мүмкін.

Екінші жағдайда кімге бағытталуы шығарма мазмұнында шақыру, өтініш, сұрақ түрінде көрінеді. Ол шығармаға диалогиялық рең беріп, автордың ішкі толғанысын шығарма арналған объектімен бөлісуіне мүмкіндік береді. Шығарманың кез келген поэтикалық шартында бұл жанр өмірінде пайда болған ой-толғанысын, басқа да мәселелерін поэзия түрінде жеткізуге мүмкіндік беріп, белгілі бір нысананы өнер туындысының объектісіне айналдырады.

Арнау жыры адресатпен диалог құруға мүмкіндік беретін поэзия түрі ретінде айқындалады. Бұл - оның өзі тектес жанрлардан өзгешелігін көрсететін типологиясы. Себебі басқа жанрлар да белгілі бір объектіге бағытталғанымен, оның мақсаты басқа. Мысалы, оданың мақсаты- мақтау. Монологтың мақсаты - ой айту. Ал сатира мен эпиграмма негізінен күлкі ете отырып, объектімен диалогиялық қарым- қатынасқа түседі.

Арнау өлеңдердің негізінде күні бұрын белгілі рөлге ие болған адресатпен диалог құру жатыр. Бұл жерде адресат дос, дұшпан, ел, жер, табиғат және т.б. болуы мүмкін. Адресаттың осындай әр түрлілігі авторға толғанысын, әжуасын, көңіл-күйінің басқа сәттерін жеткізуге мүмкіндік береді.

Арнаудың диалогтық мүмкіндігі кең. Жырау, ақын өзінің поэтикалық ойын білдіруге жеке адаммен де, өзді-өздімен де, жер, су табиғат құбылыстарымен де, тарих кезеңімен де, қоғамдық өзгерістермен де, кеңесе, сөйлесе алады. Қазақ суырып салма поэзиясындағы арнау өлеңдер тарихи кезеңге байланысты өзгеріп отырған және замана сөзін айта білген.

Осы тұрғыдан келгенде арнаудағы адресат жиынтық тұлға арнау жанрын туғызушы компоненттің бірі болып саналады.

Арнаулы шығарманың тақырыбы ретінде көрінетін ситуациялық қарым-қатынас бар, бұл - тақырыптың нақты формасын көрсететін поэтикалық ойдың белгілі бір объектіге мақсатты түрде бағышталатындығының белгісі. Арнауда эпопеялық, драмалық шығармалар секілді қарым-қатынастың толық мазмұны, ойды толық баяндау жоқ. Арнау монологтық ой толғанысы іспетті, бірақ жәй монологтық ой емес, белгілі объектімен (оның нақты, абстрактылы болуына қарамастан) сырласу.

Арнауда диалогтық ой айту бар. Бірақ ол толық біткен, толық формадағы диалог емес, соның детальдары. Бұл арнау жанрының кез келген сәтте жауап алуға мүмкіндігі бар екенін де көрсетеді.

Суырып салма поэзияда арнаудың айтылу интонациясы да аз қызмет атқармайды. Арнаудағы сұрақ-жауап конструкциясы, императив, полемикалық-риторикалық фигуралар да жанрды құраушы компоненттер қатарына жатады. Арнаудағы диалогиялық бастама-арнау өлендердің табиғатына терең сіңген белгі, бұл өз кезегінде арнаудың стильдік ерекшелігін анықтайды. Тіпті, арнауда нақты адресат айтылмаса да, арнау қуатты, диалогиялық мазмұнға ие болады да, ол өз бойына тек автордың ой-толғанысын ғана емес, басқаның да ой-толғанысын жинайды. Арнаудың семантикалық толыққандылығын көрсетеді. Сөз екі бағыттық мәнге ие болып, автордың өз сөзі және адресат сөзі ретінде көрінеді.

Арнау жанры - күрделі жанр. Қазақтың суырып салма поэзиясында, тіпті, Абай арнауларының өзі ауызша шығарылғанын ескерсек, қазақ әдебиетіндегі суырып салмалық поэзияда арнаудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктер қазақ ауыз әдебиетінде айтыс, шешендік өнер, толғау, қара өлең және жазба поэзиямызда қазір көптеген өзгеріске түскен лирикалық жанрмен т.б. бірігіп, халқымыздың мол рухани дүниесінің жанрлық түрлерін байыта түседі.

Екінші тарау. Арнау өлеңдерінің даму кезеңдері.

2.1. Ауыз әдебиеті мен ерте дәуір әдебиетіндегі арнау өлеңдер

Қазақ халқының ауыз әдебиетінен өзінің бастауын алып, талай ғасырларды басынан кешірген арнау өлеңдердің туу, қалыптасуы даму кемелдену тарихы бар екені сөзсіз. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, ішкі даму эволюциясы бар екенін ескерсек, оны саралап қарастыру - бүгінгі қазақ әдебиеті ғылымының алдында тұрған мәселелердің бірі.

Арнау - ол жеке тұлға, жер, су, ел-жұрт және т.б ақын- жырау үшін қасиетті ұғым өмір сүріп тұрғанда бітпейтін тақырып. Сондықтан да бұлар қай халықтың поэзиясын алайық, арнау өлеңдері оның поэзиясының негізгі бір бөлігін құрайды. Бірақ солай бола тұрса да, әр халық үшін арнау өлеңінің өзіндік ерекшелігі өзіндік даму тарихы бар. Қазақ халқының арнау өлеңдерін тамырлас жанрлар толғау, терме, жыр, жоқтау, қара өлеңдердің және т.б өзіндік сыры, даму тарихы бар екенін Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Б.Уахатов, О.Нұрмағанбетова, С.Қасқабасов, Н.Төрекұлов, М.Жолдасбеков, Мырзаахмет, Бадамбаев, Б. Әбілқасымов, Ә.Нарымбетов, А.Сейдімбек, Ж.Тілепов, Д.Ысқақов, А.Бұлдыбаев, С. Медеубеков және т.б. өз еңбектерінде жан- жақты ашып көрсеткен.

Арнау өлеңдер өз бастауын ертеден алатыны еш күмән тудырмайды. Себебі тәңірге, жер, суға, аспан, күн, айға және т.б. табынған халық өз ойын, өз тілегін тек қара сөзбен емес, поэзия тілімен жеткізгені хақ. Өмірі малмен байланысты өткен қазақ халқының «Қой баласы- қоңырым», «Қамбар ата өрісім» деп, малға байланысты арнауларынан бастап, «Ат басындай ақ бұлт». «Кер, кер жылан, кер жылан» деген әр түрлі табиғат құбылыстарына, жәндіктерге арналған өлеңдері арнау жанрының алғашқы көріністері іспетті.

Қазақ фольклорында жоқтау жырлары салт-дәстүрге байланысты жанрлық түр ретінде қарастырылып жүр. Бұл бір жағынан жанр табиғатына

келеді. Бірақ сонымен қатар, жоқтау сол адамға арналған жыр екенін де ешкім жоққа шығармайды.

Осындай жоқтау түрінде айтылатын арнауды XI ғасырда өмір сүрген Махмут Қашғаридің «Диуани лұғат ат түркі» еңбегінен кездестіреміз. Онда қолбасшы, хан Тұңға дүние салғанда:

Тұңға алып ер өлді ме?
Қу дүние өшің кетті ме?
Саң жүректер айырылды,
Түркі елі түгел күңіренер,-

деген жоқтау бұған мысал.

XIV-XV ғасырларда хатқа түскен «Қорқыт ата кітабында батырдың өлімін Бану Шешектің:

Ой, алқызыл шымылдығымның иесі
Ой,алтын басымның иесі!
Ой, патшам, сарбазым менің.
Жүзіне қараудан тоймаған ханым менің.
Неге кеттің мені тастап жалғыз өзің?
Көзімді ашып көргенім-ай,
Көңіл беріп сүйгенім-ай,
Бір жастыққа бас қосқаным,
Жолыңа құрбан болайын сенің,¹¹-[52]

деген жоқтау түрінде айтылған арнаулары бұл жанр тарихының өте әріде жатқанын тағы да дәлелдей түседі. Жоқтау түрінде айтылатын арнаулар секілді көңіл айту түрінде айтылатын арнаулар бұл жанрдың табиғатының әр қырлылығын көрсетеді. Мысалы, Шоқай мен Досбол бидің Ерден батырға баласының өліміне көңіл айтуы мұның бір мысалы:

-Ей, батыр Ерден,
Басыңды көтер жерден,
Әкең Сандыбай да өлген,

¹¹ Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы.1967. 207

Оны мына Шоқай көрген.
Көкті бу көтереді,
Жерді су көтереді,
Жүйрікті ду көререді,
Ауырды нар көререді,
Өлімді ер көтереді.¹²

Көңіл айту да жырды белгілі бір объектіге арнау, сондықтан да сөз белгілі адамға арналғандықтан, бұл да арнау өлеңдер табиғатына толық келіп тұр. Тек өзгешелік жырдың мазмұнының нақты болуында. Бұл арнау өлеңдердің мазмұндық жағынан әр түрлі екенін көрсетеді.

Арнау жырларының алғашқы үлгілерінің бірі - шешендік арнаулар. Шығарушысы кім екені белгісіз болып кеткен шешендік арнаулар бір кезде нақты адамға шешен-бидің, жыраулардың шығарған арнаулары екені рас және оның да өзіндік даму кезеңі бар. Кезінде елдің бірлігін, татулығын көздеген шешен қарттың:

Ілімің бар екен, жаным
Білімің әлдеқандай?!
Қағуың бар екен, жаным,
Халқыңа жағуың әлдеқандай?!
Жорғалағың бар екен жаным,
Халқыңа қорғандығың әлдеқандай?!
Заттығың бар екен жаным,
Халқыңа қымбаттығың әлдеқандай?!¹³

деген өлең жолдары арнаудың үлгісі екені сөзсіз. Қызыл тілдің шебері шешен-билер екі сөзінің бірін халқына не қарсылысына арнаған. Шешен-билердің арнауларының озық үлгілерін Төле, Қазыбек, Сырым, Әйтеке билер шығармаларынан молынан кездестіреміз.

¹² Шешендік шиырлары. Алматы. 1993. Алматы. 240

¹³ Сонда 241 б

Бұл шешендік арнаулардың басты тақырыбы - адамгершілікке үндеу, халықты бірлікке шақыру, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену. Шешендік арнаулар диалогқа құрылғанмен, сөз арнаған адамнан жауап күтпейді, бірақ әр сауалдың жауабын алуға даяр.

Шешендік арнаулар үлгісін әдебиетімізден көптеп табуға болады. Сондай шешендік арнаудың біріне атақты Төле бидің мына бір сөздерін жатқызуға болады.

Бір үйдің баласы болма,

Көп үйдің баласы бол.

Бір үйдің атасы болма,

Бар елдің данасы бол.

Бір тонның жағасы болма

Көп қолдың ағасы бол.

Ақты ақ деп бағала,

Қара қара деп бағала.

Өзегің талса өзен бойын жағала

Басыңа іс түссе көпшілікті сағала.

Өзіңе өзің кәміл бол

Халқыңа әділ бол.

Жауыңа қатал бол бол

Досыңа адал бол.

Қазақ халқының өз алдына хандық мемлекет құруы бұрынғы поэзияда сөз болып келген елді, жерді сырт жаудан қорғау, ел бірлігі мәселесін бірінші кезекке шығарды. Жат жаудан туған елді, жерді қорғау белгілі хан, батырлардың абыройын көреру, солардың қол астына елді біріктіру мәселесін алға тартты. Мұндай күрделі проблеманы шешетін құрал ол кезде өз заманының сөзін айта алатын әрі батыр, әрі ақын, әрі шешен жыраулардың құдіретті сөзі еді. Ол сөздер тағы да арнау түрінде туа бастады .

XV-XVI ғасыр әдебиетіндегі арнау өлеңдерден қоныс, жер іздеп, елді бірлікте ұстап, іргелі ел болуға шақырған философиялық ой, толғаныс, халыққа сөз арнау мағынасына ие болған толғауды көреміз. Ақылгөй, көріпкел, дана, кемеңгер, арқалы жырау, шашасына шаң жұқпас шешен Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа сияқты жырауларымыздың арнаулары – осының айғағы.

XVII-XVIII ғасыр әдебиетінде халық, ел болып қалу жолында ерлігімен ел есінде қалған батырлардың ерлігіне, хандарымыздың іс-қимылдарына арналған Үмбетей, Ақтамберді, Бұқарлардың арнау өлеңдері соның жалғасы.

2.2. Жыраулар поэзиясындағы арнау өлеңдер

Дербес қазақ атымен аталатын әдебиеттің өмір сүруі - XV ғасырдың орта шенінен басталады. Бұған себепкер болған жай – 1456-жылы Шу бойында Қазақ хандығының құрылуы еді. Бұл туралы атақты тарихшы, философ Мұхамед Хайдар Дулати былай деп көрсетеді: “Дешті Қыпшақтың бұл кездегі әміршісі Әбілқайыр хан еді. Әбілқайыр Жошы әулетінен тараған сұлтандарға көп теперіш көрсетті, сондықтан олардың екеуі - Жәнібек пен Керей Манғолстанға ауып кетті. Иса Бұға хан оларды меймандостықпен қабылдап, иеліктеріне Манғолстанның батыс бөлігіндегі Шу, Қозыбасы деген жерлерді бөліп берді”¹⁴.

Ақын, жырау - өз заманының перзенті болғандықтан, сол заманның күйін толғайды, өмір сүрген кезеңіне өз көзқарасы тұрғысынан баға беретіні белгілі. Сондықтан да біз қазақ атымен аталып, өз алдына жеке хандық құрған кезеңнен бері әдебиетімізде арнау өлеңдер қаншалықты дамыды, олардың тарихи даму кезеңдеріндегі айырым ерекшелігі неде дегенге тереңірек бойлай отырып осы мәселелерге жауап берсек.

Қазақтың данагөй ақын-жыраулары елінің, халқының болашағын ел билеген хандардан кем ойламағаны хақ. Осы тұста өмір сүрген Асанқайғы

¹⁴ М.Х. Дулати Тари-и-Рашиди. Алматы. 1999. 447 б.

Сәбитұлы қазақ халқының күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылған ашы қайғы-қасіретін, құрып біту мен жойылудан, құлдық пен күндіктен құтылатын жолы, жау аяғынан алыс жайлы да жақсы мекен табу деп түсініп, сол мекенді сарыла іздегені өз шығармаларынан анық көрінеді және ол халқына Жерұйықты іздеуші ретінде ел есінде қалды. Сондықтан да оның арнау өлеңдері осы тақырып төңірегін қамтыды. Бірақ кезі келгенде дұрыс іс істемеген ханына қатты айта да білген. Асанның эз-Жәнібекке айтқан арнау өлеңіне көз салсақ, оны ел қамын, болашағын ойлаған халық қамқоршысы ретінде ғана көріп қоймаймыз, адуынды батыр, ел бірлігінің жоқтаушысы ретінде де танимыз.

Ай, хан мен айтпасам білмейсіз,
Айтқанымға көнбейсің,
Шабылып жатқан халқың бар
Аймағын көздеп көрмейсің,
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің¹⁵.

Жырау өзінің көңілінен шықпаған Жәнібектің хан екеніне қарамай кейбір қылықтарын батыл сынға алған. Жыраудың айтуынша, ел басшысы хан таққа ие болған соң өз мүддесінен ел мақсатын жоғары ұстай білуге тиіс, жоқты сылтау етіп сауық-сайран салып, ойына не келсе соны жасап, бейқам жүрудің орны жоқ. Хан алдында ел тағдыры бірінші орында тұру керектігін батыл айтады. Ал енді бір арнауында:

Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,

¹⁵ Бес ғасыр жырлайды. Алматы.1989. 1 т. 384 б

Алдыңа келіп қалған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа

деп толғап, халықты бірлікке, татулыққа, сабырлыққа шақырады. Яғни жыраудың өз алдына қойған негізгі міндеті ел бірлігі, жер тұтастығы екені бұл арнаудан нақты байқалады.

Халық мүддесінен өз мүддесін жоғары қойған ханға да, батырға да, қарашаға да аяушылық жоқ. Ол тағы да арнау түрінде айтылады. Өз заманындағы ел билеген хандарға деген наразылығын тайсалмай айтқан өз дәуірінің көреген жырауларының бірі - Шалкиіз. Жырау - өз заманының перзенті, өзі өмір сүрген әлеуметтік қоғамдық ортаға лайық шындықты белгілі дәрежеде айта білген ұлы ойшыл.

Жолың да болсын- ау ием,
Сен де кетіп барасың.
Енді өзіңнен соңыратып,
Жұртқа лайық ие жоқ.
Сұлтан ием, жұрт өзіңсің!.

Жырау мұнда Темірді ел өмірінің бірден бір тірегі етіп көрсетеді. Жыраудың түсінігінше, Темір - рудың, ұлыстың бірлігі мен тірлігінің ұйтқысы. Бұл шумақтар - жырау өмір сүрген кезеңнің сұранысы, тарихи шындығы. Сол кезеңде ел үшін ханның қандай рөл атқарғаны, қай дәрежеде болғаны тарихта белгілі. Ендеше, Шалкиіздің бұл арнау өлеңі- сол дәуір шындығының елес беретін бірден бір шығарма.

Сондай- ақ Шалкиіздің Темір өліміне арнаған осы бір жыр шумақтарын жоқтау деп қарастыруға да болады. Бұл біздің арнау жыры мен жоқтау жырларының түп қазығы бір болған деген ойымызды тағы да дәлелдей

түседі. Егер жырау бір арнауында хандық құрылымды бекіту, нығайтуды көздесе, екінші бір арнауында:

Атаның ұлы жақсыға,
Малыңды бер де басың қос,
Бір күні болар керегі.
Бостаны бар- ды теректің,
Болаты бар- ды беректің,
Тұсындағы болған нартың қорлама.
Тұсыңда болған нартың қорласаң,
Табылмас- ты керекте...
Есендікте мал бер де батыр жый,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұшпанның қолы жете алмас!-

деп жыр толғап, Асанқайғыдан келе жатқан дәстүр ел бірлігін халық татулығын, ел басына күн түскенде, елге қорған болар ерлердің басын біріктіруді насихаттайды. Бұл арнаудың объектісі абстракты болғанымен сөз білетін, сөздің мәнін түсінетін кез келген адамға арналған.

Тәуелсіз әмірші болғысы келген Тұрсын хан Есім ханның қалмақтарға қарсы жорығын пайдаланып, қазақ ауылдарын шабады. Ызақор, дұшпанына мейрімсіз Есім хан жорықтан орала салысымен Ташкентті шауып алып, Қатағандарды қырғынға ұшыратады. Тұрсын ханның өзін өлтіреді. Бұл оқиға Әбілғазы баһадүрдің айтуынша, 1627 жылы болған еді.

Есім ханның батырларының бірі, әрі жорықшысы, жырауы Марғасқаның біздің заманымызға жеткен бір арнауы осы оқиғаға байланысты туған. Ел аузындағы әңгімеде Есім хан тұтқиылдан Ташкентке кірген соң, Есім ханның жорықшысы, жырау батыры Марғасқа бейқам ұйқыда жатқан Тұрсын ханды байлап, матап Есімнің алдына алып келіп, мына арнау өлеңді айтқан екен:

Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!

Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!

Марғасқаның бұл арнау өлеңінен сол дәуірде атақ, даңқ үшін өз бауырына опасыздық жасаған ел билеушісі ханның бейнесін көреміз. Жырау мейрімсіз ханды дала тағысы - қасқырға теңейді. Марғасқа толғауынан билікке таласқан, бейбіт елдің қанын судай шашқан өзара қырғиқабақ хандар дәуірінің суретін елестетеміз. Жырау үшін ел бірлігі - бәрінен жоғары, қасиетті.

Жыраулардың арнау өлеңдеріне негіз болған тақырыптар сан алуан болғанымен, онда күнделікті күйкі тіршіліктің ұсақ-түйегін сөз ету жоқ, тек мемлекеттік дәрежедегі мәселелер ғана көтерілген.

Ақтамбердінің арнау жырларында хандық құрылысты сынаумен қатар, бұрынғы жыраулар салған дәстүр - ел бірлігі тақырыбы да айқын көрінеді

Сары аязда қата ма?
Қайнардың аққан тұнығы.
Қап түбінде жата ма?
Болаттың асыл сынығы.
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы .

XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясында Абылай ханның ақыл, парасат, ерлік істері ерекше дәріптеледі. Осы дәуірдің белді жырауы Үмбетей Абылай турасында:

Сол ерлікпен хан болдың,
Әлем асқан жан болдың,
Барша әлемге таң болдың,

Ұмыттың ба соны, Абылай!-
Қалдан ханның әскері
Іздеп сені әрі- бері.
Қапыда ұстап алғанда,
Шешендік жолын тұтындың.
Үш ауыз сөзбен құтылдың,
Ұмыттың ба соны, Абылай!-

деген сияқты жыр жолдары арқылы ханның тапқырлық, қайсарлық мінездерін өз арнауына тақырып етеді.

Абылай ханның ақылшы, кеңесші биі болған Бұқар жырау қазақ халқына өз алдына ел болып қалу-қалмау қаупі туған кезеңде Абылай саясатын қолдап, оған көмектесіп отырған. Оны жыраудың Абылайға арнаған көптеген толғауларынан көруге болады.

Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың.
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың.
Әділетпенен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.-

деп, Абылай хандық құрған кезеңді қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман ретінде көрсетеді. Бұл әдіс Абылай абыройын көтеру үшін пайдаланылған.

Бұқардың атақты“ Ей, Абылай, Абылай” арнауында жырау ханның өткен өмірін еске салады

Жұлдызың туды- ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан.
Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып тағы өргізіп,
Жұмсап бір тұрсаң қолыңнан,-

дейді. Жырау Абылайды хан көтерудегі мақсат-ел бірлігін сақтап, жауға қарсы күш көрсететін бірлігі мықты ел болуда жатқанын анық айтады. Бұқар Абылайды мақтап қана қоймай, кезі келгенде кемшілігін де бетіне басып айта біліп, кейбір сәттерде ханның саясатын сынап та отырған.

Жырау:

Бұқарекен жырлайды
Жырлағанда не дейді.
Соғыспа деп жырлайды
Соғыссаң кетер сәніңіз,-

деп, ел тыныштығын тілейді. Үш жүздің халқы хан көтергендегі тілегі де елдің бейбіт тірлігі екенін әр кез еске салып отырады.

Ханның жақсы болмағы-
Қарашаның елдігі.
Қараша халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі-

деп, ханның хан болмағы халқына байланысты екенін ескертеді. Ханға сын көзбен қарап, ханның кейбір ісіне келіспейтіндігін өткір жырмен жеткізіп, қатты мінеп те отырған. Бұқардың да, Үмбетейдің де мақсаты - Абылай сияқты бір ғана ханға бағынған ынтымағы мықты мемлекет құру. Сондықтан екі жырау да белгілі арнау өлеңдерінде ел бірлігін жырлайды, сол іске басшы болуға Абылайды лайық санайды.

Көріп отырғанымыздай, бұл кезде арнау өлеңдердің негізгі тақырыбы - хандық мемлекетті нығайту, Абылай билігін күшейту, ел бірлігін сақтау. Арнау өлеңдер жыраулық поэзия арқылы өзінің өміршеңдігін, бүгінгі күнге керекті ойды айта білудің бірден бір ұтымды үлгісі екенін көрсетті

XV- XIII ғасырлар поэзиясында ерекше атап өтуді керек ететін тақырыптың бірі - туған жер, ата қонысқа арналған арнаулар. Бұған Асанның өз- Жәнібекке айтқан арнауы мысал бола алады.

Қыранда киік жайлаған,

Суында балық ойнаған
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің .

Елін қимаған жырау ата қоныстың артықшылығын айтады, хан ісін мақұлдайтынын ашық айта отырып, көшті тоқтатпақ та болады. Бұл жерде көңіл аударатын мәселе - осыған дейін сөз болған арнау өлеңдер негізінен хан, батыр, билер, яғни жеке адамдарға арналса, туған жерді қорғау, оны тастап кетпеу мәселесі алғаш арнау жырларында елес бере бастауы. Асан қайғының алғашқы арнаулары халыққа қоныс боларлық жер табуға арналса, ендігі жерде құт береке қонысқа ие болу мәселесі алға шығады. Кейін отаршылдық саясаты күшейген кезде бұл мәселе арнау өлеңдерінде бірінші кезекке шығатыны төменде өз алдына талданады

Бұқар жырау заманында Тәуке хан билік құрған тұстағыдай үш жүздің бірлігі болмады, әр жүздің өз хан-сұлтандарының алауыздығы ел бірлігін көксеген жырауларды қатты ашындырды. Ру аралық тартыс, қырқыс көбейді, жоңғарды жеңіп, елде аздап тыныштық орнағанымен, іргеден Ресей сұғынға еніп келе жатты. Көреген жырау заман ағымынан қорықты, өзінің заманға наразылығын:

Баспақ, тана жиылып,
Пана болған заман- ай.
Құл- құтандар жиылып,
Құда болған заман- ай,-

дей отыра, елдегі ежелгі дәстүрмен енген ел билеушілік құрылымының кейбір жақтарына өз қарсылығын білдіреді. Ел билеудегі мұндай саясат неге алып келіп соққаны кейін XIX- XX ғасырлар әдебиеті шығармаларында нақты жырланды. Жырау бұл арнауында халық болашағына алаңдаушылық білдіреді. Оны өзінің толғауымен көпке жеткізеді.

Ерте ғасырлар әдебиетінде арнау жанры әлі де жалпылыққа бейім тұрса, XV- XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулар поэзиясында бұл жанр мемлекет құру, нығайту, оны сырт жаудан қорғау мәселесін жырлайтын бірден бір ұтымды салаға айналды. Егер XV- XVI ғасырлар жыраулар арнауында ел бірлігі- басты тақырып болса, хан, батыр, билерді сынау сол тұрғыда жырланса, мемлекеттік билік нығайған XVIII ғасырда сол билікті сынау, хандық саясатқа риза болмау түрінде шыққан арнаулар да бой көрсете бастады. Бірақ солай бола тұрса да, бұл кез үшін барлығынан жоғары тұрған тақырып - ел бірлігі, татулығы еді. Сондықтан да бұл кезде Есім хан, Абылай хан, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. арналған арнаулар негізгі тақырыптан көп ауытқымаған. Жер, судың әсемдігі, шұрайлылығы, халық игілігіне жарауы Асан қайғы арнауларынан басталса, қолдан кете бастаған жер күйігі де осы жыраулар арнауларына өзек болған.

Ресей патшасының отарлау саясаты, қалыптасқан хандық құрылымның іргесінің шайқала бастауы жыраулар шығармасында көрінісін тапты. Себебі жыраулар поэзиясы уақыт өзгерісін көрсетуші құрал іспетті еді. Ал уақыт, қоғам туралы белгілі объектімен ой бөлісу түрінде айту арнау өлеңіне жүктелді.

Хандық дәуірдегі арнауға тән негізгі қасиет не десек, мына мәселелерді бөліп бөліп айтар едік. Ол біріншіден, өз алдына мемлекет болған елдің бірлігін, тұтастығын сақтау тұрғысында туған арнаулар. Екіншіден, ел тұтастығына ие болатын хан, би, батырларды дәріптеу түрінде туған арнаулар. Үшінші ерекшелігі - XVIII ғасырда мақтау, дәріптеумен қатар

сын тұрғысында арнаулардың туа бастауы. Сондай- ақ хандық дәуір кезеңінің арнаулары негізінен толғау түрінде дүниеге келді.

2.3. XIX ғасыр ақындары поэзиясындағы арнау өлеңдер

Арнау өлеңдері XIX ғасырда жаңа арнаға, жаңа мазмұн, тақырыптарға ауысты. Оның басты себебі - тағы да саяси жағдай, қоғамдағы өзгерістер. Ресей патшасының отарлау саясаты қалыптасқан халықтық құрылымды ыдырата бастады, ол жай жыраулар мен ақындар арнауларында өзіндік көрініс тапты. XIX ғасыр ақын-жырауларының арнаулары отаршылдық құрылымға қарсылық, кешегіні аңсау түрінде көрініс берді. Сондай-ақ адамдарды ізгілікке, адамгершілікке уағыздаумен білім, ғылым үйренуге шақыруда да арнау өлеңдердің өзіндік орны болды.

XIX ғасырда өмір кешкен ақын-жыраулар поэзиясында халықтың отаршылдық құрығынан шығуға талпынған бұлқынысы сол кездегі үш аймаққа бөлінген ел билеу тәртібіндегі ерекшелікке байланысты үш түрлі жағдайда қалыптасты.

Отаршылдық дәуір қазақ халқының мемлекеттік билеу жүйесін ғана өзгертіп қоймайды, ол өзімен бірге паракорлық, бақталастық, жемқорлық деген жаман әдеттерді лаулатып ала келді.

Бұл кезеңдегі көрнекті ақын Шал (Тілеуке) Құлекеұлының арнау өлеңдері жыраулық поэзияда сөз болған тақырыптан өзгешелене бастағанын мына бір арнауынан көруге болады.

Төрт ауылдың бір биі, Күлен шешен,
Төреңізді тура бер құдай десен.
Өлсең де қабырыңда тек жатпайсың,
Төре болып біреуден пара жесең ¹⁶.

Сондай- ақ жыраулар поэзиясындағы ақыл-кеңес айту, дүниені парықтау Шал өлеңдерінен де кездесуі - заңдылық. Себебі, Шал ақын шығармалары әлі жыраулық поэзия үлгісіне жақын тұрған, жыраулық

¹⁶ Бес ғасыр жырлайды. I т. 1989. 384

поэзиядағы толғау түрінде айтылатын философиялық тақырыптан ұзап кетпеген еді. Оны мына бір жолдарға көз жүгіртсек, анық байқаймыз.

Жігіттер, жау алмайды ақылдассаң,
Білгішке көп білетін жақындассаң.
Қарап жүрген кісіге адам тимес,
Сабыр қып өз бойыңды мықты ұстасаң .

Бұл кезде туған арнаулар көбінесе жеке адамдарға арналып, оларды адамгершілікке, ізгілікке, білім, ғылым үйренуге шақыруға бет бұра бастағаны анық байқалады. Мысалы, Жанақ ақынның Рүстем төреге арнауы жыраулар поэзиясындағы арнау дәстүрімен айтылғанымен арнау тақырыбының өзгерісі бірден көзге шалынады.

Хан оңбас қарашасын қарақтаған,
Нар үріксе жүгі ауыр қарқарадан,
Тұлпар ақау болады аяғынан,
Ақсаса оналмайды би парадан ¹⁷

Мұндай арнау өлендерді Есет бидің де шығармасынан кездестіруге болады.

Күн сенікі, жастарым!
Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың,
Заманымда өзімнің,
Еңсеріскен ер көрдім,
Қанды көйлек жолдасты,
Сары алтындай сақтадым .

Жыраулық поэзияда кездесетін арнау үлгілеріне жақын формаларды Абыл Өтембетұлы, Махамбет Өтемісұлы шығармаларынан көптеп табуға болады. Мұның бір себебі бұл екі ақын шығармашылығына тиек болған негізгі тақырып - XV- XVIII ғасыр жырауларының тақырыптары секілді

¹⁷ Сонда 395

жауға тойтарыс беру, елді жігерлендіру, күреске шақыру жырларын шығару болса керек. Абыл ақын өз арнауларында:

Сен барда сүйеулі еді арқам жарға- ай,
Кәтепті қайыспайтын қара нардай.
Аузына байтақ жұрты анталаған,
Сүйекем сөйлер еді- ау қарқарадай,-

деп батырды жоқтауы - арнау өлеңдерінің жоқтау түрінде туатын дәстүрін сақтауы. Абыл ақынның жыраулық поэзиядан онша алыс ұзап кетпеуіне негізгі себеп - Кіші жүз жеріндегі жыраулық дәстүрдің күштілігі. Оның мысалын ақынның тағы мына өлеңінен де көруге болады:

Қызыл тіл Жиреншедей тілім, тақсыр,
Қызыл тіл- өнер алды білім, тақсыр.
Баймағамбет өзіңнен озды десе
Ұстайды сонда сенің жының, тақсыр .

Билік басында отырған сұлтанды сынау Бұқар, Үмбетей және т.б. жыраулар арнауларымен үндесіп жатыр.

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі»- Махамбет поэзиясындағы арнау өлеңдерінің қаймағы. Мұнда ақын Исатай қозғалысының мақсаты мен тарихын кең түрде жинақтайды. Ортасында ақынның өз бейнесі тұрады . Жанры жағынан бұл - толғау арнау. Мұнда асқақ романтика мен сатира араласып жатыр.

Ерлік пен бостандықты, өз бейнесін жырлағанда ақын толғау стиліне тән романтика рухында сөйлейді, хандардың озбырлығын айтқанда өткір сатира қолданады. Оның нақты көрінісін мына жолдардан анық байқаймыз.

Өздеріндей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атаңдай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке шақыртып,
Басын кесем деп едім ¹⁸.

¹⁸ Махамбет Жыр – семсер. Алматы.1989.

Ақын халық кегі хандарда екенін айта отырып, ол тек халықтың күшімен, ақ найзаның ұшымен шешілетіндігін баяндайды.

Махамбет поэзиясы - жыраулық дәстүрге өте жақын тұрған дүниелер. Сондықтан да оның тақырыбы, мазмұны, айтылу түрі ежелгі дәстүрді сақтаумен қатар өзіндік қолтаңбасымен де көрінеді.

Исатай-Махамбет көтерілісінің шындығын шымырлата жырлаған ақынның бірі - Шернияз. Бұл ақын да - Махамбет сияқты сол көтерілістің басы-қасында болған жауынгер жыршы. Соңына ерген бір рулы елді аман сақтап қалу үшін Баймағамбет сұлтаннан кешірім сұрауға мәжбүр болады. Сонда ақын Баймағамбет сұлтанның алдында тайсалмай былай дейді екен.

Кешегі Исатайдай есіл ерді,
Орысқа ұстап бердің тіл білмеген.
Айдаттың жалғыз бауырың, Исатайды,
Сенен де қалмақ жақсы шүлдірлеген..

Шернияз Исатай сияқты ел қамқоры батырын сипаттауда Баймағамбеттің халқына, еліне жасаған мінез, іс- әрекеттерімен салыстыра баяндайды.

Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас!
Қас итсің қасыңа да адам жуымас!
Ел ұстап, жұрт билейтін қылығың жоқ,
Хан емес, қас қатынсың мұңдар қу бас ¹⁹

Шернияз жырларына да – күрес поэзиясына тән өрлік, алмас қылыштай қиып түсер өткірлік тән.

Сағынам ауызға алсам Исатайды!
Ер тумас ел бағына ондай жайлы
Қарадан халқы сүйіп «ханым» деген,
Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы.
Исатай дегдар еді топтан озған,
Нар еді бәйтерекке басын созған.

¹⁹ Бес ғасыр жырлайды I м. 390 б

Ер тумас ел бағына Исатайдай,
Мінезі толқушы еді туған айдай,
Исатай ел еркесі, ел серкесі,
Бар мен емес, алашқа жайлы еді .

Шернияз өлеңдерінен хан, сұлтанды дірілдеткен көтерілістің қуатты кезеңі, оның қаһарман басшысы Исатайды аңсау лебі есіп тұрады. Ақын Исатайдай халық батырының бейнесін үлкен ынтызарлықпен, сүйіспеншілікпен суреттейді.

Патша үкіметінің отарлау саясаты күшейе бастады. Жыраулық поэзиядан азаматтық поэзияға ауысқан Шал, Көтеш, Абыл секілді ақындар шығармашылығында арнау жырлары үгіт-насихат, Махамбет, Шернияз секілді ақындар шығармашылығында жорықшыл сарындарға құрылса, ендігі кезде лажсыз тағдырға мойын ұсыну, кешегіні аңсау тақырыбы арнау арқылы қазақ поэзиясына ене бастады. Оның ірі өкілдері- Дулат, Шортанбай, Мұрат, Жанұзақ Байтоқ және т.б. болды.

Жыраулық пен ақындық поэзияны жалғастырушы тұлғалар - Шал, Махамбет шығармаларындағы жауынгерлік рух, хан билерге қарсы тұруға шақыру әлі де болса жыраулық поэзияға жақын тұрса, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Байтоқ шығармаларында отаршылдыққа қарсы тұруға үндеу, ал Сүйінбай, Бақтыбай арнауларында қоғамға жат қылықтардан аулақ болуға шақыру негізгі мәнге ие болды.

Кезінде әдебиет тарихында орны дұрыс бағаланбаған үлкен бір дәуір әдебиетінің өкілдері бар. Олар - XIX ғасыр ақындары. Аталмыш әдебиет өкілдерінің бірін - “бұқарашыл” деп, екіншісін- “кертарпа, феодалдық әдебиет өкілдері” деп атау дәстүрі қалыптасқаны белгілі. Феодалдық бағыт өкілдері деп ат тағылып айдарланған әдебиет өкілдерінің шығармалары шындықтан аулақ өткенді көксеген мұң-шерге толы туындылар деп бағаланып келді.

Ақын-жыраулардың ақындық өресін өсіретін қоғамдағы тарихи оқиғалар екені белгілі. Қазақ даласында, оның ішінде Орта жүз қазақтарын

басқарудағы Ресейдің билік жүйесі Дулат сияқты арлы, ақпа ақынды бейжай қалдырмағаны белгілі. Дулат ақындығы турасында ғалым Қ. Өмірәлиев былай дейді: “Дулат- өлең жырды табан астында айтып жіберетін суырып салма ақын, ақпа ақын, төкпе ақын: барды, жағдайды, айналасын, жұрттың ішкі әлемін - әлі сыртқа шығып болмаған көрініске ой-пікір, мінез ұшын көз ілгісіз сәтте шолып та, шалып та, түйіп те, айтып та үлгеретін шалымы мен алымы, түйі мен айтуы, қат-қабат түйдек келетін жойқын шабыт иесі”²⁰].

Дулат поэзиясының жанрлық, стильдік ерекшелігін жан-жақты зерделей зерттеген ғалым Қ.Өмірәлиев қазақ поэзиясында суырап салып айтатын өлеңнің екі түрі бар екенін айта келіп, оның бірі - арнау өлеңдер де, екіншісі - өсиет, үлгі-мысал ретінде айтылатын, өзінің дайын моделі бар терме өлеңдер деп атап көрсетеді.

Ақынның арнауларында философиялық тұжырымнан гөрі объектінің психологиялық тебіренісін беру, оның ішкі дүниесін ашып көрсету басым. Бұл арнау өлеңдеріндегі жаңа бетбұрыс еді.

Жақсы болса ұлығы,
Өз елін жаудай таламас.
Қасқыр тартып қан шықса,
Жаман ит жұлып жей берер,
Алды- артына қарамас.
Жақсы иттің белгісі-
Жұлмақ түгіл, жаламас.
Қазіргі қазақ ұлығы,
Жаман иттен несі кем-
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айрылар мүлде есінен²¹.

Ақын заманына тән ұлық бейнесін “ жаман итке” теңейді. Ақын бұдан әрі қасқырдай шапқан жаумен бірге халқын “жемтіктей” жұлмалаған қанды

²⁰ Қ.Өмірәлиев. ХУ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы.1979. 270

²¹ Зар заман Алматы.1993 176

көз қазақ ұлығының жанды суретін береді. Ақын “ Сүлейменге” арнау өлеңінде патша ұлығына жағынған ел билеушісінің бейнесін былайша суреттейді.

Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып мидай былықты.
Атқамінер ауылда,
Итке ілініп былықты.
Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан дағы қылықты
Ұлық кетсе, қазаққа,
Қорқау қасқыр құлықты.

Дулаттың шығармаларын талдап отырғанымызда байқайтынымыз- бұл кезеңде арнаудың мазмұнына өзгеріс еніп, тақырыбы кеңіп, сатиралық рухтың күшейе түсуі. Сондай-ақ ақынның көркемдік құралдарды пайдалануында өзіндік үрдістер бар екені айқын сезіледі. Ақын “ О, Сарыарқа , Сарыарқа ” арнауында қазақтың Сарыарқа сияқты сар даласының төрт түлік малға берекелі кең өріс болғанын:

Шөбінді сенің татқан мал,
Құламасы сусаған.
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай төрі едің,-

деп бейнелейді.

Дулат Сарыарқа кешегі күні қазақ даласының береке- бірлік мекені болғанын сағына еске алады. Ақын ата қоныстың қолдан кетіп, туған жердің отаршылдардың ойранына айналғанын көзімен көре отырып, ауыз ашпай қала алмады. “ Аягөз ” сияқты туған жер, аталы мекенге қарата айтылған арнауында ақын:

Аягөз, сенің бойыңда,
Несібе, ырыс тегіс қой.
Сай-салаң балғын жеміс қой.

Ойың-өнім егіс қой,-

деп ата қоныстың халқына несібе, ырзық болған тұсын тебірене жырға қоса отырып, енді бүгінгі күйі қандай, келешек ұрпақ“ Аягөз кімнің жері еді? ” дегенде, ел басқарған “жайсаңдар” не деп жауап берер екен деп тебірене толғанады

Құйтұрқы саясаттың сан түрлі айла-тәсілдерін пайданған патша отаршылары бұқара халықтың рухани қарсылығын тудырмау мақсатымен орта жүзде ислам дінін қолдап, оның ауыл ауылда өрістей түсуіне жағдай жасаған. Оған дәлел XIX ғасыр әдебиетіндегі зар заман ақындарының белді өкілі - Шортанбай Қанайұлы шығармашылығы. Ақын өмір сүрген заман әдебиетіндегі ағым, сарынды зерттеген Қ. Мәдібай өзінің “ Зар заман ағымы” атты еңбегінде Шортанбай шығармашылығыдағы басты сарын - әлеуметтік ой толғау, оянуға, тазаруға, ұлт болып ұяны бұзбай, ұл өсіріп, қыз өсіріп өркендеуге түсер жолға шақыру. Ел ішіне еніп алып, індетке ұласып бара жатқан жамандықтардан сақтандыру, экономикалық бетбұрыс, өзгерістің адам құлқын бұзар өктем күшіне мәңгілік ізгілік мұраттарды көлденең қою”²²,- деп тұжырымды пікір айтады. Ақын өзі өмір сүрген заманға қарата айтқан “ Мынау заман, қай заман? ” арнау өлеңінде тұрлауы жоқ тұл заманның барлық бет-бейнесін ашып көрсетеді.

Мына заман қай заман
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі:
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малға жүгінген,
Мұның өзі зар заман .

Ақын ел-жұртының басына түскен қауіптен қорқады. Ол- Арқа сияқты ата мекен туған жерде өз жеріңнің, өз малыңның рахатын көрмеу.

²² Мәдібаева қ Зар заман ағымы. Алматы.1997. 160

Шортанбай халқының барар жер, басар тауының да шамасын былайша болжамдайды.

Адам қайтіп қуансын:
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сыйынғаның
Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгендей,
Дуанды көрдің үйіңдей,
Абақты тұр қасыңда,
Қазылған қара көріңдей!²³.

Жалпы отаршылдық дәуірге қарсылық, ол туралы шыққан өлеңдер дегенде көбіне ауызға Шортанбай, Дулат түсіп келді. Шын мәнінде бұл кезеңде отаршылдыққа қарсы сөз айтпаған ақын кемде - кем.

XIX ғасырдың белді ақындарының бірі - Сүйінбай Аронұлы. Оның бірқатар өлеңдері өзі өмір сүрген заманның билеп-төстеуші, бай-төре, сұлтандар мен дүмше молдаларының мінез-құлық, амал-айла болмыстарын суреттеуге арналған. Ақын өлеңдерінің астарында ел басқарған сұлтан-төрелерге деген кек, өшпенділік, бірде мысқыл, кекесін ажуа белең алады.

Ақынның төре, сұлтандарды шенеген өлеңдерінің ішінде есімі көп аталып, арнау өлеңге арқау болғандардың бірі - ұлы жүздің аға сұлтаны - Тезек төре. Тезек төре өз заманында ел билеп, патша үкіметінен сансыз мадақ-мақтау есітіп, шең-шекпен жамылғанымен, оның шын мінезі, өмірдегі түсінік-пайымы, моральдық беті, сондай -ақ өз заманының ұшқыр тілді өнер иесінің бірі болғандығы Сүйінбай ақынның өлеңдерінде егжей-тегжейлі ашылады.

Байыптап қарап отырсақ, әр кезеңнің бетке ұстар ел басшысыларының тарихта қалуына бірден-бір себепкер - ақындар. Оның мысалын көптен кездестірдік. Соның бірі - Сүйінбай мен Бақтыбай жырлары арқылы ел есінде қалған - Тезек төре.

²³ Шортанбай Алматы. 1993 79 б

Сүйінбай – басынан өмірі сөз асырып көрмеген, қаһарлы, азуы алты қарыс зорлықшылдығымен аты шыққан аға сұлтан Тезек төреге мынадай сипаттама береді.

Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры, қары залымның,-
Жаныңа бәрін жиыпсың.
Дүниені жұтса тоймайтын,
Түпсіз жатқан ұйықсың,
Қадірің жоқ халыққа,
Аққан судай сұйықсың²⁴

Ақын Тезек төренің қисық- қыңырлығын, момынның малын тартып алатын қарақшылығын, елге өнеге боларлық аталы сөз айтар қалпы жоқ екендігін ашына баяндайды.

Ежелден келе жатқан дәстүр хан, төреге қаймықпай қарсы сөз айту үрдісін Сүйінбай да пайдалана отырып, өз арнауына бүгінгі күнгі өзі риза емес тақырыпты өзек етеді. Сүйінбай ақын “Өзге төре өлсе де, Сөк өлмейді” өлеңінде Сөк төренің елге жайсыз, әділетсіздігін көзіне айтып, жерге қаратады.

Сөк төренің атасы - хан Абылай,
Хан боламын дей ме екен ол сондай?!
Өзге төре өлсе де Сөк өлмейді,
Осы пұшық құдайдың кенже ұлындай,
Алды-артыңа ей төре, қарап сөйле,
Бірінші атың иесі - мен Сүйінбай!

Сарыбай би кезінде ел тыныштығы мен тұтастығын сақтауға елеулі үлес қосқан. Сол себепті, оның кейбір билік істерінде әділетті тура шешімге келген тұстары да болған. Сүйінбай ақын өз шығармаларында Сарыбайдың

²⁴ Сүйінбай. Шығармалары. Алматы. 1996. 152

қоғамдық істегі әлсіз, осал тұстарын қатты сынға алған. Оның әділеттен бұра тартып, қиыс басқан жерлерін үнемі көзіне көрсете айтып отырған. Сарыбай бидің жаңылыс басып, асыра сілтеген кездері де ара-тұра болып тұрған. Бидің заман қалпынан шыға алмай, ру арасындағы түрлі қақтығыстарға қатысып, өзге би, болыстармен барымталасып, шабысқан тұстары да болған. Сарыбайдың осындай барымтасы мен зорлығын Сүйінбай ақын “Сарыбайға” арнауында былайша жеткізеді.

Япырау, мына жатқан Сарыбай ма,
Тұстасы Сүйінбайды танымай ма?
Абақ пен Тарақты талап жеп ең,
Басында шулап тұрған малың қайда?

Сүйінбай ақын Сарыбай сияқты жеке басының қайшылығы бар адамның ағат, жаңсақ басқан тұстарымен қоса, оның әділдік пен еркіндік үшін сіңірген еңбектерін де толық ашып көрсеткен.

Сонымен, Сүйінбай арнауларынан адамның ішкі жан-дүниесін, болмысын, оның заманға сай өзгеріс себептерін танығандаймыз. Ол - заман адамдарының бет-бейнесін танытуда, бейнелеп суреттеуде өзіндік әдіс-тәсілі бар ақын.

Сүйінбай арнауларында Шортанбай, Дулат арнауларындағы заманға көңілі толмау жоқ, оның барлығы жеке адам ісімен, оны сынаумен алмастырылған. Бұл - ақынның қалыптасқан құрылымды өзгерту мүмкін еместігін сезгендігі, ендігі жерде халық өміріне жеңілдік жасау төре, сұлтандардың жақсы, жаман әрекеттеріне байланысты деген түйінге келуі.

Отарлаушылық саясат адамның мінез-пиғылын, әдет-салтын да бұзған болатын. Оған дәлел - Мұрат ақынның “Боранбайға айтқаны” деп аталатын арнауы. Бірде Есен Беріш Боранбайдың баласы Есенғали правитель үйіне ояз Завьяловты шақырады. Қонақтардың үстіне Дүйсенбі деген старшын мен Мұрат ақын келеді. Боранбай Дүйсенбіге “ жоғары шық” дейді де “ қонақ үстіне қонақ, шиқан үстіне жара болып осы Мұратқа не жоқ екен” деп күңкілдейді. Сонда Мұрат былай деген екен:

Есенғали болыстың
Арғы атасы Әлікүл.
Қошетер мен Құттыбай,
Тұқымының бәрі құл.
Ас қориды әкең Боранбай,
Ұяты кеткен кәрі құл²⁵.

Дастарқандағы асын қызғанып, қытымырлық танытқан Боранбайды ояздың алдында әбден әшкерелеп, Есенғалидың шыққан тегін мансұқ еткен ақын енді болыстың назарын өзіне аударады.

Боранбай мал бақпайды, ас бағады,
Қасынан төсегінің бас бағады.
Жаманнан жақсы туған жігіт ед деп,
Халыққа әкім қойды жас баланы .

Ақын бұл жерде кешегі тектілердің орнына адамды қызмет дәрежесіне қарай бағалайтын Боранбай сияқтылардың тәрбиесін көріп отырған бүгінгі ел басшыларының мінез-құлқын әшкерелейді.

Мұрат отаршылдық саясатқа қарсы біраз өлең арнап Шортанбай, Дулат, Байтоқ дәстүрін жалғастырғанымен, оның арнауларының басты бағыты - Сүйінбай шығармалары секілді жеке адамдарға жыр арнау. Оның мысалын ақынның көптеген шығармаларынан көруге болады. Сондай шығармалардың бірі “ Айжарық би ” арнауында да болыстыққа таласып жүргенде, етке қақалып өлген биді былайша сипаттайды.

Жаман мен жақсының,
Жер мен көктей арасы.
Бұзаудың етін шикі жеп,
Сонан да болды білемін,
Айжарық бидің жаласы .

Қомағай би ашкөздігіне салып, алдына келген асқа да тойымсыздық көрсеткенін өткір әжуа етеді. Мұрат ақын би-болыстардың заман салтына

²⁵ Алқаласа әлумет. Алматы, 1991. 240

сай өзгерген мінез-әрекетін әжуа етумен қатар, халқына келер қауіптің, қатердің кімнен, қайдан екенін де пайымдап айта білген.

Ақын небір замандар орныққан әдет-салт, ата дәстүрдің бәсеңсіп, оның орнына жерімізді, ой-санамызды жаулап алған ащы шындықты жеріне жеткі

Мен қауіп еткеннен айтамын,
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың,
Ұстай ма деп білегін.
Шая ма деп жүрегін,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін,
Адыра қалғыр заманның,
Мен жаратпаймын сүреңін

Мұрат арнаулары - жыраулық поэзиядағы арнаулардан өзгеше. Онда тұспалдау, философиялық толғану жоқ. Ащы шындық жерді, елді отарлауға қарсылық, жеке адамдар ісіне көңіл толмаушылық бар. Бұл - Дулат салған жол мен Абайға жалғасқан дәстүрді жалғастыру.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, заман жайлы өткір де серпінді ой толғау, арнаулар айтқан жыраудың бірі - Балқы Базар Оңдасұлы. Базар жыраудың жеке адамдарға арнап айтқан өлең-толғаулары көлем жағынан мол, көркемдігі күшті өлеңдер қатарына жатады. Жыраудың “Қаражан болысқа” арнаған өлеңі осы тұрғыда шыққан көркем дүние.

Бірде Қаражан болыс жұрт жиып, той жасайды. Тойға әдейі Базар жырауды шақырып, қызмет етуге қолқа салады. Ақын іні тілегін қабылдап, елді өлең-жырға қарқ қылады. Ертеңіне жырауға қызметің үшін деп, өзі арық кәрі ат береді. Сонда ақын ренжіп былай деген екен.

Құрметтеп кілем төсеп салдың төрге,
Өгіздей кеттім мен де сүйреп өрге
Жабыдан жарып туған інім ед деп,

Сыртыңнан мегзеуші едім нағыз ерге,
Бос кетті теңін таппай есіл сөзім,
Былғанған бір күн шауып қара терге²⁶.

“ Қалжан ахунға ” арнауында «ауру- сырқау көбейіп, елдің құты қашсын»
” дейтін пасық пиғылдарын күлкі-ажуа етеді.

Іздесең сауап, молдалар,
Құранды оқыт молаға.
Жылап-сықтап жатқанда
Олжадан ойың барларың
Қараң құрысын жолама.

Базар жырау өз дәуірінің аңғарып танып, сол қайшылықтан шығудың жолын іздейді. Ол заманды сынады, кешегі күрестерді мегзейді, өз заманындағы болыс-билердің шыншыл –сатиралық бейнесін кейіптейді.

Базар жырау шығармашылығы - қазақ поэзиясында ежелгі дәстүрлер салған арнамен дамығандығын көрсететін бір үлгі, Абай негізін салған жазба әдебиетіне жақын тұрған Дулат, Сүйінбай, Бақтыбай арнаулары жазба әдебиетке бір табан жақын тұрса, Базар арнауылары әлі де көне жыраулық дәстүрден қол үзбеген.

XIX ғасыр ақын -жырауларының көпшілігі- ақ бай мен би сұлтандарды маңайлап, оларға бағынышты, тәуелді бола жүрсе де, кезі келген сәттерде сол “қамқоршыларының” кемшіліктерін (әділетсіздіктерін, парақорлығын тағы- тағыларын) өлтіре әшкерелеуді, сынауды, шындықты қанша ауыр болса да, өз атымен айтуды естен шығармаған. Оларды аздап мақтай, мадақтай отырса да, сынауға келгенде тілдерінің барша уын,зәрін төгуді көркемдік дәстүрге айналдырған. Шернияздың Баймағанбетке. Сүйінбай мен Бақтыбайдың Тезекке, Шөженің Дәукей мен Ноғайбайға, Дулаттың Барақ пен Кеңесбайға т.б айтқан шыншыл да әшкерелеуші жырларынан осындай көріністі байқаймыз. Соған қарағанда, аты көпке мәлім ақындардың өз

²⁶ Базар жырау Шығарм., Алматы 1981 200

маңайларындағы билеушілерге барып, оларды аз-кем мақтай отырып, кейін сынауға келгенде бар күшін салуы - олардың сол кезең шындығын, әділетсіздік пен теңсіздікті суреттеудегі өзгеше бір көркемдік түрі, тәсілі болғанға ұқсайды.

Қазақ поэзиясында жеке адамға арналған өлең, толғаулар аз емес. Тіпті, бұл XIX ғасыр әдебиетінде белгілі бір дәстүрге айналған көрініс десе де болғандай. Себебі XIX ғасырда туған отарлау дәуірі әдебиеті өкілдерінің арнау өлеңдерінен заман шындығын, елдің мұң-зарын, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы шыққан халық күресін көреміз.

XIX ғасыр поэзиясындағы арнау өлеңдерін саралай келгенде байқайтынымыз, бұл кезеңде отаршылдыққа қарсы батыл сөз айту, отаршылдықты сынау, болашаққа күдікпен қарау басты тақырыпқа айналған. Ақындар арнауларындағы сыншылдық рух тереңдей, күшейе түскенін Жанак, Шөже, Бақтыбай, Сүйінбай, Махамбет өлеңдерінен анық көреміз. Қазақ поэзиясындағы арнау жырлары бұл кезеңде жер, су секілді жалпы тақырыптан гөрі жеке адамдарға арналғандығы анық байқалады. Бұл ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы өтпелі кезең еді.

Арнау өлеңдер мазмұнының өзгеруі, түр жағынан жаңа арнауға бет бұруы Абай шығармаларымен тікелей байланысты. Ерте дәуір әдебиеті мен жыраулық поэзиядағы елді, жерді қорғау ел бірлігін жырлау, хандық мемлекетті күшейту мәселесі ендігі жерде көзден тасалана бастап, бірінші кезекке халыққа жәбір көрсетуші, халықты талап жеуші жаңа мемлекеттік құрылыстың өкілдері болыстар, старшын, ел пысықтарымен күрес шыға бастады.

Қазақ поэзиясын жаңа белеске, жаңа формаға бағыттаған Абай сынды ұлы ақын ежелгі поэзиядағы озық дәстүрлерді кеңінен пайдаланды, оны ширатты. Ауыз әдебиеті, жыраулық поэзиядағы хан мен батырларға, жақсылар мен жайсаңдарға арналған арнау жырларындағы мадақты да, аямай сынауды да Абай өз поэзиясына молынан енгізді.

Абай дәуіріндегі арнау өлеңдердің даму ерекшелігін түсіну, жете зерттеу үшін сол кездегі саяси жағдайды, мемлекеттік өзгерісті талдап караған жөн. Себебі Абай арнауларының басты тақырыбына болыстардың, ояздардың арам-пасық істері, паракорлығы тиек болуы жайдан-жай емес еді.

Абай арнау өлеңдері тек болыс, ел пысықтарын сынауға арналған десек, оның поэзиясын жете түсінбегендік болар еді. “Қалың елім, қазағым...” , “Сап, сап көңілім, сап көңілім ” және т.б арнау өлеңдері халықты жамандықтан жиреніп, жақсылықты үйренуге, адамгершілік, жақсылық, мейірімділік, еңбекқорлыққа үндеуге арналған.

Арнаулардағы терең ой, толғаныс секілді жыраулық поэзия ерекшеліктерін Абай өте ұтымды, өзіндік тұрғыда пайдалана білді.

Абай дәуірі - жаңа дәуір. Енді қолына қару алып күресетін кез емес, біліммен, білгірлікпен, терең оймен дұшпаныңмен күресетін уақыт туды. Сондықтан да Абай елге тізесі батқан пысықтарды сынай отырып, халықты білім алуға, өркениетті өмірді меңгеруге шақырады. Сол жолда халқына да аямай сын найзасын сілтейді.

Абайдың балаларына, өзіне жақын адамдарға арнауынан ежелгі мадақ арнауларының үлгісін көруге болғанымен, ақынның ерекше ден қойып, жеріне жеткізе өлең еткен тақырыбы - болыстар, Күлембайлар, Көжекбайлар, Дүтбайлар. Бұл сол кездің нақты адамдарының аттары болғанымен, жиынтық бейнелер. Абай заманы патшалықтың отарлау саясаты әбден шығандап тұрған шағы елі. Бұл кезде қазақ даласының күнделікті өмірдің патша әкімшілігіне тәуелді болмаған, таршылдықтың қатал заңына бағындырылмаған бірде-бір саласы қалған жоқ еді.

Елдің есі, халқының қорғанышы болады деген басшының сыйқы осындай болғанына Абай ыза болады. Ыза болғандықтан да өз сөзіндегі ащы әжуаның бар уытын төгіп, сөзін арнау түрінде болыс-билерге бағыттайды. Олардың әр түрлі жұғымсыз да жағымсыз мінездерін теріп отырып мінейді. Егер ежелгі арнау жырларында хан, батыр, ел

жақсыларына жыраулар, ақындар арнау өлең жолдаса, Абай жаңа тақырып, жаңа мағына бар өлеңге бет бұрды.

Осы тақырыпқа арналған туындыларының ең өзектісі, болыс атты болымсыздықтың барлық түрін бір жерге жинақтап суреттейтін шығармасы - Күлембайға арнап жазған “ Болыс болдым мінекей” деп басталатын арнау өлеңі. Бұл шығарма –тек мазмұн жағынан ғана емес, өлең құрылысы, жинақтау тәсілі, тағы басқа көркемдік ерекшеліктері жағынан да бөлек тұрған өзіндік бір құбылыс. Мұны ақынның өзге өлеңдерінен окшаулап тұрған ерекшелігі - оның кәдімгідей оқиғаға құрылып, кейіпкерін нақты іс-қимыл үстінде көрсететін сюжеттілігі. Сол жағынан алып қарағанда, мұны шағын поэманың жүгін арқалап тұрған сүйекті, кесек шығарма деп қарастыруға болар еді.

Ақын бұл шығармасында малын шашып, болыс болған пенденің әлеуметтік – психологиялық кескінін жасайды. Өлеңнің мағыналық құрамында бірнеше тұлға көрініс береді: болыс, ояз, ел.Б ұл үш тұлғаның бастысы - болыс. Шығарманың алғашқы бөлігінде жаңадан болыс болған адамның болыстық мансапқа жету жолы мен көңіл-күйі көрсетіледі. Болыс атты ұғымның өмірге қалай келетіні, ел ішіндегі партия сайлау дейтін құбылыстардың ұзақ дырдудан кейін немен аяқталатыны кейіпкердің, яғни болыстың өз аузынан айтылады.

Болыс болдым, мінекей,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе- дағы елімді,
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Сыяз бар десе, жүрегім,
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап²⁷.

Өлеңнен болыстың бүкіл болмысы мен бітімі, психологиялық және портреттік сипаты, қимыл- қозғалысы, мінезі тұтас көрінеді. Өлеңнің әр сөзінде атқан оқтай дөп тиетін дәлдік пен қорғасындай салмақтылық бар. Бөліктің әрбір сөзінде, әрбір тармағында өтіп кеткен оқиғаның жеке белестері бар. Оның бар малын шығындап болыс болғаны, елдің аузын аламын деп жанталасып жүргенде, түйеде қом, атта май қалмай, үй шаруасының қиюы кетіп, тұралаудың аз- ақ алдында тұрғаны мәлім болады.

Тұңғыш рет Абайдың “ Күлембайға ” деген өлеңі “ Дала уәлаяты ” газетінде ақын Көкбайдың атымен жарияланады. Абайдың Күлембай “ құрдасына ” бұдан басқа “ Уағалайкүмассәләм... ” деп басталатын қысқа, шағын ғана диалог түрінде жазылған тағы бір өлеңі бар.

Күлембай - ақынның әзіл-қалжыңы жарасқан құрдасы, бірнеше рет болыс болып сайлаған кісі. Абай шығармаларының жинақтарында «Күлембайға» деген атаумен жарияланып жүрген “Болыс болдым, мінекей” деп басталатын атақты өлеңінде өз заманындағы ел билеген болыстардың типтік тұлғасын жасаған ақын бұл өлеңінде айтпақ ойын тікелей құрдасының өзіне арнайды:

Уағалайкүм ассәләм ...

Болыс мал-жан аман ба?-

деп өлеңді ауызекі әңгіме түрінде сәлемдесуден бастайды да, болыстың тексіздігін, іс-әрекетінің мардымсыздығын ащы мысқылмен бетіне басады.

²⁷ Абай. Қалың елім, қазағым. Алматы.1995 384 бю

...Мынадайға кез болдың,
Аума- төкпе заманда
Ел билеген адам жоқ.
Ата менен бабаңда,
Болыстықтан пайда қып,
Шығыныңды алсаң, жаман ба?!

Абайдың осы тақырыпқа жазған жаңа мазмұндағы сатиралық уыты күшті арнау өлеңі - “ Мәз болады болысың ” деп аталады. Мазмұны, мәні жағынан Күлембайға арналған “Болыс болдым, мінекей” шығармасымен үндес, сарындас. Өлеңде болыс болған қазақтың мінез -құлқы үшінші жақтан суреттеледі. Ақын болыстың қолымен жасаған нақты ісін ғана емес, көп сыр бүркеп жатқан ішін де ашып көрсетеді. Ол адам мінезін ашудың ұтқыр да ұтымды тәсілін шебер пайдаланады.

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Ұлық арқаға қақса, мәз болып, иығына шекпен жапса, шат болып әр жерде жоқты-барды шатып, көпсініп, қампайып, шалқып жүрген болыстың қуанышы үшін:

Үйі мәз боп, қой сойды.
Сүйіншіге шапқанға

Одан әрі қарай шенқұмар болыстың мансап буына пісіп, асып-тасыған көкірек мінездерін келеке қылады. Осындай сәттерде Абайдың заман бейнесін, елдің тіршілік болмысын, халықтың мінез-құлқын аз сөзбен бір жерге шоғырландырып, мейлінше ширыға жазған шымыр арнау өлеңі- “ Қалың елім, қазағым, қайран жұртым ” . Бұл- өзге көп арнау өлеңіндегі айтылған ойлардың түп қазығындай бағдарламалық мәні бар, іргелі туынды. Бұл арнау өлеңде өзінің көп жылдық өмір тәжірибесін таразыға тартып салмақтап келіп, көзімен көрген жарамсыз жайлардан, ел өмірінде,

адамдар қарым-қатынасында әбден орын теуіп қалған теріс мінездерден безініп, жерінген ел ағасы ақынның күйініп айтқан жан күйзелісі бар. Ұзақ толғаныстардан кейін амалы құрып торыққан адамның ақыл-анасында қорытылып, жан жүрегінен жарып шыққан шерлі мұңы естіледі.

Шұбартпалы шалыс ұйқаспен қара өлең үлгісінде жазылған, айналасы отыз жолдық қана арнау өлеңде ұйқас үшін артық айтылған бір сөз жоқ. Бәрі бір ойдың өзегіне өріліп, ақынның еліне қарап айтқан арнау сәлемін түгел жеткізіп тұр. Әсіресе алғашқы:

Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы мен жаманды айырмадың,
Бірі-қан,бірі-май боп-енді екі ұртың,-

деген төрт жолдық шумақта ел назарын, тыңдаушы құлағын селт еткізіп, бірден өзіне қарататын жарлық сөзіндей леп бар. Бұл шумақ ақынның кейінгі саралап айтар ойының түйінді тезистеріндей естіледі.

Шындығында ақын бұл кезде өз сөзін, өз пікірін халық сахнасының ең биік мінбесіне шығып жариялауға әбден хақысы бар-ды.

Сондықтан ол ойын ауыл-аймаққа, ағайын-туысқа, аталас жұрағатқа арнамайды, қалың еліне, қалың жұртына арнап айтады. Сондағы елім деп отырғаны - өз тайпасы, өз руы, өз жүзі емес, қарға тамырлы қалың қазағы. Соның бәрін бауыр тартып, ұлтым деп, елім деп еміренеді. Сол халқының қазіргі халін ойлап қамығып, қасірет шеккен шерлі күйін білдіре үн қатады. “Қалың елім, қазағымның” мазмұнында Абай заманындағы қазақ өмірінің ақиқат шындығы жатыр. Осы шығарманы оқып отырып, ақынның болмыс келбетін соншалықты шыншылдықпен суреттейтін өзге тутындылары жан-жаққа осы өлеңнен өріс алып тарамдалып жатқандай көрінеді.

Оның дәлелі - “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...” деп басталатын арнау өлеңі. Халықтың мұрат-мүддесі мен қам-қарекетін өз жүрегіне жиған күрескер ұстаз образы Абайдың бүкіл шығармашылығының ұзына бойына

жүріп отырады. Өйткені реалистік шеберлігі неғұрлым шындала түскен сайын Абай арнау жырларына арқау болған тақырыптың жаңа қырларын ашып, оны соғұрлым тереңірек, молырақ жырлады. Барлай қарағанда бұл өлеңнен көп жайды аңғаруға боларлықтай. Абай - ең алдымен өз дәуірінің ақыны. Оның үстіне ол-еріккен, ермек қуған жыршы емес, әлеуметтік мұрат-мүдделердің ақыны. Сонымен бірге, ол - ұстаз- ақын. Осының бәрі өлеңнің бірінші шумағынан ақ айқын аңғарылады:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді , тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-

деп, Абай өз сөзін ең алдымен шығармашылықпен айналысатын адамдарға, жас ақындарға арнайды.

Абайдың арнау өлеңдерінің екінші тобына жататын “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, “Сап, сап көңілім, сап көңілім”, «Қуанбаңдар жастыққа », “ Мен боламын демендер”, “ Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай” туындыларына кезінде М.Әуезов ереше көңіл бөлген. М.Мырзахмет:“ Бұл өлеңдерде кісі аты аталмайды, бірақ өлеңде жол-жөнекей біреулер сөз болып, меңзеумен, ишаратпен ғана білдіретіні аңғарылып тұрады. Егер де осы аталмыш өлеңдерде жанама түрде сөз болатын адамдар аты М Әуезов тарапынан аса білгірлікпен анықталып, өлеңнің жазылу сыры ашылмаса, олардың мүлде беймәлім күйге түсіп кетері қиын емес еді ”²⁸- деп, ұлы жазушының Абайдың арнау өлеңдерінің тарихын анықтауға жұмсаған еңбегін жоғары бағалайды.

Абай дәуіріндегі арнау өлең бойынан ел билеген болыс-билердің мінезі, іс-қимыл, әрекеттерін сол заманның барлық шындығын жіті көзбен көріп, оның өтімді өлең сөзбен өрнектеліп халық өмірінің шежіресіне айналғанын көреміз. Абай секілді ұлының даналық ойынан өріліп, көреген

²⁸ М.Мырзахмет. Түркістанда туған ойлар. Алматы.1998. 368 б

көкірегінен құйылған өмірлік болмыстың ащы шындығы арнау болып жазылды.

Абай арнау өлеңдерін талдағанда анық байқағанымыз, ұлы ақын бұл жанрға бақаша рең, күшті сыншылдық рух бергендігі. Ғасырдан- ғасырға өтіп, Білге қаған мен Тоныкөктен, Абылай хан секілді ұлы тұлғалар мен қазақ елі, жері, ел бірлігі, елді шет жаудан қорғау секілді тақырыптарды өзіне өзек еткен Махамбет заманындағы жыраулар поэзиясының жорықшыл сарынын еске түсірген арнау жырлары Абай дәуірінде халыққа өзінше ой салған жаңа ой тұжырымы, ойдан өрнек салған ақыл-кеңес түрінде, одан жеке адамдарға, олардың теріс әрекеттерін сынауға, жақсы ісін мадақтауға ден қою тұрғысында ширатылып жалғастығын табуы деп білеміз.

XIX ғасыр поэзиясындағы арнау жырларын тұтастай алып қарағанда көңіл аударатын мәселе не және бұл кезеңде арнау өлеңдері қалай дамыды десек, мына мәселелерді бөліп айтар едік. Ол біріншіден, XVIII ғасырда бәсең тарта бастаған жыраулық поэзиядағы арнау өлеңдерінің озық үлгілерінен XIX ғасыр ақындары да толығымен қабыл алып, оны өз заманының тарихи, саяси оқиғасына байланысты дамыта жырлауы. Әр өлкенің өз ерекшелігіне байланысты бірі хан, бірі сұлтан, бірі датқаға сөз арнап өз ішіндегі ренішін жеткізді. Бірақ бұлардың бәрінің басын біріктірген туған халқына, оның болашақ өміріне деген алаңдаушылық-сол іске халықты жұмылдыру. Сондай-ақ XIX ғасыр арнауларындағы басты ерекшелік - отарлау саясатына қарсы халықты үндеу, сол саясаттың ұрпағы парақорлар мен жемқорларды аямай сынау. Ол XIX ғасыр аяғына қарай жеке адамдарға арналған уытты сатиралық арнау түрлеріне ауысып алғаш Жанақ, Сүйінбай, Бақтыбай шығармаларында көрініс берсе, Абай арнаулары арқылы классикалық үлгіге ие болды.

Үшінші тарау.

3.1. Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері

Әдебиетімізде өзіндік жанрлық белгі сипаттары арқылы ертеден- ақ жеке сала болып дамыған ақындық және жыраулық поэзиядағы арнау өлеңдердің орны, көркемдік ерекшелігі көңіл аударып, байыппен сөз етуді керек етеді. Ерте дәуірден бері фольклорлық туындылармен өзектес, жарыса дамып келген арнау өлеңдер халқымыз бастан кешкен тарихи оқиғалардың шежіресі іспеттес. Кез келген шежіренің өзіндік өрнегі, айшықты бедері бар Сондықтан да ел тұрмысының сан алуан қырларын қамтып бейнелеуде әр кез елеулі үлес қосып отырған арнау жырларында бейнелі құралдар аз болмаса керекті.

Кешегі арнаулардың, бүгінгі халық және жазба поэзиясындағы арнау дәстүрлі өлеңдердің табиғаты мен тегін зерттеуде, жанрлық сипатын, ерекшеліктерін зерделеуде, олардағы ой мен сезімнің берілуіндегі әдіс-тәсілдердің қызметіне, түріне назар аудару көп жәйттің бетін ашуға көмектеседі.

Монолог сияқты арнау өлеңдер табиғатында әдебиеттегі егіздеу, оның жәй және күрделі түрлері синтаксистік және психологиялық жолдары сан алуан қызметтер атқарады. Бүгінгі өлеңдеріміздегі арнаулар дәстүрі дегенде, олардың мазмұнындағы осындай әдістері мен тәсілдері табиғатындағы күрделі құбылыстардың тұрақты түрде сақталуын айтамыз. Өлеңдеріміздің ұлттық мінезі мен сипаты. өміршең дәстүрі, мазмұны мен түрі т.б туралы айтылтатын әңгімелердің дәл осы тұрақтылықтан тамыр тартатыны ақиқат.

Арнау өлеңдердің келесі бір шоқтығы биік даму кезеңі - суырып салма ақындар шығармашылығын саралаған кезде, Шал, Көтеш, Сүйінбай, Жанак, Бақтыбай ақындар өлеңдерінен көркемдік құралдарының неше бір алуан түрлерін көруімізге болады. Бейнелеу құралдарының арнау өлеңдердегі өзіндік көрініс берген тағы бір тұсы Шортанбай, Дулат, Мұрат өлеңдеріне байланысты.

Абай заманы арнау өлеңдерінің көркемдігі жағынан жан-жақты ширығып, бұрыннан бар мол мұраның екшеліп бір арнаға жиналуымен ғана емес, Абай сынды ұлы таланттың қол тигізуімен шынар шыңға шыққан кезімен ерекшеленеді.

Қазақ шешендік сөздеріндегі арнаулар өзінің ойды тапқыр айта білуімен, сөйлеген сөздің кез келгені қара сөзден гөрі поэзиялық үлгіге жақындығымен, белгілі ұйқаспен, шендестіру түрінде айтылытындығымен, мақал -мәтелді ұтымды қолдануымен де ерекшеленеді. Мысалы: Бар айыбы кедейлігі болмаса аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермеген бір шешен үлкен дауда суырылып сөйлеп отырса, дәулетті екінші бір шешен оны ұту мақсатында:

-Сөйле, сөйле, құлағы жоқ шұнақ биім, құйрығы жоқ шолақ биім,- деп кекетіпті. Сонда кедей шешен:

-Сөйлесе несі бар. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар. Сен мал мен басқа мақтандың. Байлық түбі - бақыл, қазына түбі - ақыл. Ешкі егіз тауып, қойдан көп болмас, ит сегіз тауып малдан көп болмас. Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын; құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын. Құдайдың маған берейін десе баласы жоқ па? Саған берейін десе пәлесі жоқ па?- депті .

Көріп отырғанымыздай бастапқы би “сөйле, сөйле” деген сөзді қайталау арқылы өз сөзінің экспрессивті мәнін күшейтсе, “құйрығы жоқ», деген тіркестер арқылы меңзеу әдісін қолданса, екінші шешен алдыңғы шешеннің сөздерін өз ыңғайына қарау қайталау арқылы өз сөзін мақал қолдану, риторикалық сұрақ арқылы күшейтіп жеңіске жетіп отыр. Бұдан шешендік арнаудың қандай қиындықпен өріліп, шешілетіндігін анық байқауға болады.

Орхон ескерткіштерінде шешендік арнаудың, келісімді ырғақтың, көрікті мақалдың, азалы жоқтаудың, шебер суреттелген соғыс суреттерінің сан көркемдік бейнелеу құралдарын ежелгі әдебиетімізден

бастап, бүгінгі әдебиетімізге дейінгі аралықтан қиналмай- ақ тауып жатамыз.

Тәңірдей, тәңірден жаралған,
Түрік Білге қаған,
Бұл шақта отырдым (таққа)
Сөзімді түгел естіндер.

немесе:

Тоғыз оғыз бектері, халқы
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
терең ұқ ,

деген жолдардан қазақ ауыз әдебиетінің негізгі үлгісі шешендік арнауларды танймыз.

Риторикалық сұраққа негізделген шешендік арнаудың мұндай түрлері Орхон ескерткіштерінде өте мол. Жалпы халыққа арнау түрінде сөз айту, ол сөздерде салыстырмалы сұрақ жауап әдістерін қолдану- Орхон ескерткіштерінің негізгі өзегі.

Түркі халқы тыңдаңдар!

Көкті тәңірі баспаса,
Төменде жер айырылмаса,
Ел-жұртыңды кім қорғайды?!
О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы!
Біресе ілгері шаптың,
Біресе кері шаптың,
Барған жерде не пайда таптың?

Орхон ескерткіштеріндегі арнаулар риторикалық сұраққа негізделген. Халықты бірлікке, ел қорғауға, татулыққа шақыруда бұл әдістің өз кезінде ерекше әсері болғаны анық байқалады.

Елді халық едім,
Елім қазір қайда?
Қағанды халық едім,

Қағаным қайда?

Арнау термелерінде де толғай арнау секілді жай қайталау, еспе қайталау, кезекті қайталаулар жиі қолданылады. Шендестіру, егіздеу, меңзеу түрлері де арнау термелерінде жиі кездесетін құбылыс.

Жоқтау түрінде туған арнау өлеңдерінің көркемдігі туралы сөз еткенде алдымен көзге шалынатыны ақындардың эпитет, теңеулерді молынан пайдаланатыны. Мысалы, Бөгенбай батырға арналған мына бір жоқтауға көңіл аударсақ, мұны анық байқаймыз.

Темір жұмсап оқ атқан,
Қорғасындай Бөгенбай.
Қолтығы ала бұғының,
Пәйкесіндей Бөгенбай
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгенбай

Қазақ поэзиясында қай кезде де тұрақты эстетикалық өрісі бар образдарды пайдалануды көріктеу тәсілінің бірі етіп ұтымды пайдаланып келе жатқан дәстүр. XV- XVIII ғасырда өмір сүрген ақын жыраулар осы мол байлықты игере отырып, оның кенересін кеңейтіп, ажарын аша түсті.

XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген Доспамбет жырау да:

Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым - өкінбен
Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым - өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам,
Тұлпар міндім - өкінбен,-

десе, бұл жолдардағы балта да, жәй да, тұлпар да образ үшін алынған сөздер. Олар образ болып жұмсалуды үшін жәй сөздер айтылмау керек.

XV- XVIII ғасырда өмір сүрген ақын - жыраулар қолданған теңеулерге қарап көптеген сыр аңғарамыз. Ол дала жыршыларының

өмірдің әр қилы саласынан, әсіресе, өздерін қоршаған табиғи ортадан, мал шаруашылығынан мол мағлұматы болғандығын біз қарастырған теңеу түрлерінен анық байқауға болады. Үмбетейдің “ Бәкеге” арнаған өлеңінде:

Жатқан жері даладай

Екі өркеші баладай,

Азу тісі қаладай

Бұқардың Абылай ханға арнаған өлеңіндегі

Киігін қойдай қайырған,

Құланы құлындай тулаған,

Түлкісі иттей шулаған,-

сияқты жыр жолдарынан көруге болады. Бұл орайда, әрбір ақын-жыраулар шығармаларынан өз ортасы, ата мекен - туған жерінің географиялық жер аттары, табиғат көріністері, соған байланысты ассоциясы, жыр жолдарының кездесуі заңды құбылыс.

Ақын-жыраулар суреттеген құбылыстарға ерекше рең, анық ажар беріп, айтпақ ойларын аша түсуге мейлінше елеулі ықпал еткен көркемдік тәсілдердің бірі - меңзеу (синекдоха).

Жығылғанды тұрғызсаң,

Жылағанды уатсаң,

Қисайғанды түзетсең.

Жығылған да, жылаған да қисайған да - адамдар. Өмірде жәбір көріп, жапа шеккен мыңдаған кембағал жандарды айтудың орнына жекелеген жығылған, жылаған, қисайғандарды меңзейді.

Жыраулық поэзиясындағы арнау өлеңдердің композициялық құрылысындағы бір ерекшелік - жыр жолдарындағы сөздердің не басқы буындардың қайталанып келуі. Мысалы, Доспамбеттің туған жерге байланысты арнау өлеңінде “ Тоғай, тоғай, тоғай су”, “ Ай, заман- ай, заман- ай”, “Ай, айтамын, айтамын” деген жолдарын алуға болады. Мұндай қайталаулар көбінесе, шумақтың басқы тармағында кездеседі. Қайталаудың бірқатарында жырау бір нәрсеге не құбылысқа тыңдаушы

назарын ерекше аударып, сосын бары ол туралы толғамын айтады. Ежелгі жыраулар жиі қолданған бұл көркемдеу әдісі Махамбет, Абыл секілді жыраулық поэзияға жақын тұрған ақындардың шығармаларымен қатар одан кейінгі өмір сүрген ақындар шығармашылығында да жиі кездеседі. Жыр жолдарындағы сөздер мен буындардың қайталанып келуі - кейінгі дәуір халық ақындары шығармаларында да көптеп кездесетін көркемдік тәсіл.

Дыбыс үндестігі - ақын-жыраулар арнауында кеңінен қолданылған көркемдік тәсілдердің бірі. Мысалы, Асанқайғының Жәнібекке айтқан арнауында бұл тәсіл мынадай өлең жолдарымен көрінген:

Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің

Бұл шумақта “о” ерекше үндестік тауып, жыраулар туындысының мазмұнына лайық өршіл Рух беріп тұр. Демек, дауысты дыбыстардың үндесуі – (ассонанс) өлеңнің музыкалы, үнді болып шығуы үшін ғана емес, белгілі бір стильдік мақсатпен де қолданылған. Асанқайғы Жәнібекке арнау сөзінде “о” дыбысына екпін түсірсе, сөз басында қайталау арқылы өзгеше бір үнді, яғни хан ісіне деген келіспеушілікті жеткізу үшін пайдаланған.

Сонымен, XV- XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясындағы арнау өлеңдерден дыбыстық , сөз қайталауларын көп кездестіреміз. Бұл жыраулар поэзиясының суырып салып шығарылуына, тыңдаушысының көңіл-күйін таба білуіне, ауызша айтылған жырдың экспресивті мәнін күшейтуге бағытталған. Жыраулық арнаудың көркемдік негізінде сөзді ойнату, ояту тәсілдері жатқаны даусыз. Буынның шартын сақтау да,

ұйқастың үйлесімін жасау да, дыбыстың жаңғырығын жеткізу де арнауадағы сөзге нәр беріп, сөзбен ой ойнатудың тәсілдері.

Қазақтың сөз зергерлері көріктеудің небір амал-тәсілдерін ұрпақтан – ұрпаққа, кезеңнен - кезеңге жалғастырып сөз , образдардың эстетикалық өрісін тұрақтандырып, оны бүгінгі күнге жеткізсе, ол ерте дәуірден басталып, жыраулық поэзиямен ұштасқан берік дәстүрдің арқасы. XIX ғасыр ақындары ішінде Дулат Бабатайұлы жыраулық дәстүрден келе жатқан көркемдік бейнелеу әдістерін кеңінен пайдаланып, туған жерінің сұлу да сырлы бейнесін жеріне жеткізе жырлап, кешегінің жетістігін бүгінгі күні де ұтымды пайдалануға болатынын көрсетті.

Ақжайлау мен Сандықтас,

Аққан бұлақ сай- салаң.

Шытырман тоғай айналаң,

Жоның жайлау кең алаң,-

деген өлең жолдары оның нақты мысалы. Ақын өзінің туған жеріне арналған осы арнау өлеңінде Арқаның сұлу табиғатын бейнелеуде дәстүрлі эпитетті тіркестерді тиімді пайдаланған. Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын айқындап анықтайтын, оны әр қырынан танытар, өрісін кеңейтетін көріктеу құралын, яғни эпитеттерді өз шығармаларында кеңінен пайдалануы ақын өлеңдерінің көркемдігін аша түскен.

Ойын көркем айтып, нақты жеткізуде ақын-жыраулар салыстырып бейнелеу әдісін шебер пайдаланған. Сол арқылы теңеудің небір тамаша, әдемі түрлерін жасаған. Әсіресе, адамға мінездеме беруде қоғам, өмір тынысын ашуда ақын-жыраулар теңеуді молынан қолданады. Ақындар арнау өлеңдерде адам образын жасауда объектінің пішін-бітімін ашатын жанды теңеулерді жиі пайдаланады. Бұған Сүйінбай ақынның Тезек төреге айтқан мына сөзі дәлел:

Қырық құлаш қорғанға,

Сен неге шаппадың?!

Ат бауырына жабысып,
Қолыңдағы ақберен,
Жауға неге атпадың!
Қорқақ қоян секілді,
Өз басыңды сақтадың .

Бұл арнау өлеңде Тезек төренің жауға қарсы бара алмай тайсақтаған табансыздығы әшкереленген. Оның ел мүддесінен алыс жатқан ниетін, тек өз басының амандығын көздеген жүрексіздігін “ қорқақ қоянға ” теңейді. Төренің “ қорқақ қоян ” секілді, мүшкіл, мүсәпір халі ажуаланады. Сүйінбай ақын салыстыра қарау үстінде адам характерін оған тән белгі, қасиеттерді соншама жақын, анық елестетеді. Алған теңеулері де табиғи, жатық, қонымды. Оның тағы бір мысалы:

Қоқанның ханы қағынды,
Байлаулы тұрған төбеттей,
Аласұрып шабынды,-

деген жолдар.Бұл жолдардан Сүйінбай ақынның адам мінезін, характерін, образын жасауда қарапайым сөз тіркесі арқылы Қоқан ханының соғысқұмар ниетін шенеп, көрші елдің жер-суына қол сұғып, ойына келгенін істеген әрекетін байлаулы төбетке теңейді. Мұнда теңеу өткір, улы сарказммен астарласып, оның әсерлігі мен мәні арта түскен. Ақын өз тұсында:

Өлеңнің найзағайын жарқылдатсам,
Бұта қуған бозторғай боп қаларсың.

Бұл жерде “ бозторғай ” сөзіне жалғануға тиісті ” – дай ” жұрнағы жасырын тұр. Эллипсис әдісіне сәйкес ақын ақын “бозторғайдай ” деудің орнына әдейі “ бозторғай ” деп, ”- дай” жұрнағын тастап кеткен. Біз мұны Сүйінбай ақынның теңеу қолдануындағы өзіндік әдісі, жаңашылдығы деп бағалаймыз.

Абай тілі - “ тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін” білдіретін, бейнелі ойды бедерлеп жеткізетін өрнекті сөз орамдарына аса бай. Абай

өз шығармашылығында алмастырудың (метонимия) сан түрлі үлгілерін пайдаланған.

Үйі мәз боп қой сойды,
Сүйіншіге шапқанға.

Мұнда сүйінші сұрауға жүгірген адамдарға қой союшы - үйдің өзі емес, сол үйдің ішіндегі адамдар. Ақын болыстың отбасын, туған-туысқанын түгел тізіп жатпай, бәрін үйі деген сөзбен алмастырады.

Абай арнауларында алмастырудың бір түрі - меңзеу кездеседі. Ол бүтіннің орнына бөлшекті не керісінше, жалпының орнына жалқыны қолдану тәсілі болып саналады. Абайдың Күйісбайға арнауында мынадай жыр жолдары кездеседі:

Дұғай сәлем жолдаймын, Күйісбайға,
Бермек болған айғырдың көзі қайда?
Көзді көрсең - бересің, тайсаң - танып,
Алдамшы атанғаннан несі пайда?

Мұнда айтылған екі көз де - әр нәрсенің өзі, әшейін бүтіннің орнына бөлшек алынып отыр.

Құбылтудың тағы бір түрі - мысқыл (сарказм). Абай өз заманындағы пәлеқорлық, парақорлық, надандық т.б адам жеркенеерліктей іс-әрекеттерді қатты сынға алған. Мысалы Дүтбайға арнаған арнауында:

Жылуы жоқ бойының,
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының,
Кетпей құйтып еткені!
Мұнды жылмаң пішінін,
Кезек киіп, ел жиіп,
Болыс болса, түсініп,
Түксіген салар тырсиып

Бұл арнау өлеңді түгел сарказммен жазылған деп те айтуға болады. Баққұмар, мансапшыл ел басшысының образын көрсету үшін Абай ең мысқыл, ең кекесін сөздерді таңдап алған. Бұл жердегі күлкі - ызалы күлкі

Абай арнауларынан айшықтаудың (фигураның) тамаша үлгілерін кездестіреміз. Айшықтаудың ерекше бір түрі - арнау. Ақынның “ қалың елім, қазағым“ өлеңі - жалпы жұртқа қарата айтылған, елмен кеңесу тұрғысында жазылған арнау. Бұл жарлай арнауға жатады.

Абайда бір сөзді бірнеше рет қайталау арқылы бір нәрсеге не құбылысқа мән бере көңіл аудару тәсілдері де кездеседі. Айшықтаудың бұл түрі айтар ойды, ұқтырар сырды жеткізу үшін пайдаланылады. Өлең шығармаларында ой әсерлігін күшейту үшін не сөйлемнің басында, не аяғында қайталанып келеді.

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең,
Адалдыққа бар елдің Бәкең

Бұл - қайталаудың эпифора түрі. Абайда екі ұдай нәрсені, не құбылысты, не ұғым, сезімді қатар қойып, егіздеп ұқсата, салыстыра суреттейтін тәсілдер де мол. Айшықтаудың бұл түрі –егіздеу (параллелизм) деп аталады. Мұның ең әдемі түрін Абайдың Ғабидоллаға арнауынан көреміз.

Жазғытұры қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін, азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мәз болып, көрсе жазын.
Күз келген соң, тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.
Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар, бар ма лажың?
“ Боламын”деп жүргенде, болат қайтіп,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім.

Өлең психологиялық параллелизмге құрылған. Мұндағы қатар тұрған екі нәрсе: 1) жауқазын (көктемде қар кете шығатын гүл), 2) жас(адам), жауқазын бәйтеректі күндейді, жас қол жетпеске қол созады. Күз жеткенде жауқазынның тамырын үсік шалып, бәйтерекке жете алмай жазым болса, жастың боламын деп жүргенде, жалыны сөніп, кәрілік келіп, бетін әжім басады. Екі нәрсе (жауқазын мен жас) бірі екіншісін қайталайды.

Арнау өлеңдерінде теңеп, балап айтумен терең ойлы, астарлы тұспалдаудың көптігі, ауыстырудың ақын арнауларында мол болуы- Абайдың көркем сөздің хас шебері екендігін тағы да танытқандай.

Абай арнауларының көркемдік ерекшелігі туралы арнайы мақала жазған Е. Ысмайылов пен З.Шашкин ақын шығармаларында пайдаланатын көркемдік тәсілдер дәстүрлі поэзияда бар, ғасырдан- ғасырға ұласып келіп, Абай таланты арқылы айшықтала, ажарлана түскен көркемдеуші әдістер екенін өз кезінде айтқан еді.

Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін салмақтай, саралай қарағанымызда байқайтынымыз - қазақ поэзиясындағы басқа да жанрлар секілді арнау өлеңдерін шығаруда ақын, жыраулар ауыз әдебиетінен бастап, XIX ғасырға дейінгі аралықтағы қалыптасқан ұтымды ой, көрікті сөздің қаймағын өз шығармаларында кеңінен пайдаланғандығы.

Арнау өлеңдері белгілі объектіге қарап айтылғандықтан, онда айшықтаудың мол болуы, теңеу мен салыстырудың кеңінен қолданылуы - заңды құбылыс. Бір ғасыр өзіндік көркемдік құралдар арқылы бізге сыйлаған арнау өлеңдеріндегі көркемдік тәсілдер бір емес, бірнеше ғылыми еңбекке жүк болары сөзсіз. Сондықтан да біз бұл тарауда ауыз әдебиетіне, көне әдебиетке байланысты кейбір арнаулардың ғана көркемдігін сөз ете отырып, негізінен жыраулық поэзиядағы арнаулар мен Абай арнауларының көркемдігіне көбірек көңіл бөлдік. Себебі арнау өлеңдері тақырыптық, мазмұндық жағынан тек жыраулар, Абай дәуірінде ереше дамып қана қоймай, көркемдік тұрғыда да аталған кезеңдерде

ерекше көрініс берді, кейінгіге үлгі ретінде көптеген шығармалар қалдырды.

Арнау өлеңдерінің көркемдігі туралы ойымызды қорыта келе айтарымыз, қазақ поэзиясының сыр мен сипатын, әсерлігін айтылу шеберлігін жеткізетін әдістер арнау өлеңдерінде де көптеп қолданылып, қазақ әдебиеті тарихына енетін озық поэзия туындыларын берді.

Қорытынды

Біз жоғарыда бай да құнарлы поэзиямыздың бір саласы «Арнау өлеңдері және олардың табиғаты» жайлы мағлұмат алып, ол туралы талдау жұмыстарын жасадық. Мұндай ауыз әдебиеті мен жыраулық және XIX ғасырдағы поэзиямыздың дәстүріндегі арнау өлеңдерінің жанрлық құрамы мен оның ерекшеліктері дами беретіндігі мәлім болып отыр.

Әдебиет сияқты халық өлеңдері, оның ішінде арнау жанрындағы өлеңдер де өмірге белсене араласып, адамдардың санасына ықпал етеді. Олар халықты жоғары – отаншыл рухта тәрбиелеу ісіне үлес қосты.

Қоғам өмір өзгерген сайын тұрмыс-салт та өзгереді. Осыған байланысты арнау өлеңдердің сипаты, қоғамдық ролі де жаңғырып, дамып отырады. Жаңа мазмұнға сәйкес, жаңа түрге енеді. Бұл сияқты өлең-жыр халыққа кең тараған, мазмұны бай, әрі жаңа икемді жанр.

Ауыз әдебиетіндегі және кәсіби поэзиямыздағы арнау жырларының бірқатар үлгілері, қоғамның, заманның жаңаруымен өзгеріп отырады. Мысалы: үйлену тойына байланысты айтылатын арнау түрлері, сондай ақ жаңа салтқа, өмірге орай әскерге шығарып салу, мерейтойлардағы арнауларбқазір мүлде жаңа мазмұнға ие болды. Ал лирикалық-арнаулар бұл күнде кең өріс алған жанрлардың бірі.

Сондай-ақ арнау өлеңдерінің түрлері: сынау, мадақтау, даттау, келемеждеу т.б. қазірде жаңа мазмұнға, жаңа түрге ие болып, даму үстінде. Осындай халықтық мүддеден туған арнау өлеңдерінің мәні де маңызы да зор. Ең алдымен олар, сынды, өзара сындв күшейтеді, әр адамқа өзіне өзі сыфн көзімен қарауды үйретеді. Жақсының жақсылығын айту - халықты жақсылыққа, әділдік пен адалдыққа тәрбиелеуге бағытталады. Мұндай әдебиет үлгілері жалпы әдебиет тарихынан да елеулі орын алады. Себебі ол өзінен кейінгі туған көркем әдебиетке көп әсер етті. Сюжет құру, образ жасау, тіл байлығын пайдалана білу т.б. жөнінде ауыз әдебиеті көркем әдебиетке негіз салды. Демек, халық ақын-жырауларының шығармалары

өзінің шыншылдығымен, халықтың ұғымына жақын көркем ерекшелігімен де халық көпшілігінің рухани, мәдени тіршілігімен біте қайнасып, араласқан шын мәніндегі халықтық шығармалар мұндай әдебиет - өшпек емес, қайта өсе бермек.

Осыған орай, қазіргі кезде ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихындағы арнау түріндегі өлеңдерді жинау, жариялау ісіне де ерекше назар аударылып отыр.

Хандық дәуірдегі арнауға тән негізгі қасиет не десек, мына мәселелерді бөліп бөліп айтар едік. Ол біріншіден, өз алдына мемлекет болған елдің бірлігін, тұтастығын сақтау тұрғысында туған арнаулар. Екіншіден, ел тұтастығына ие болатын хан, би, батырларды дәріптеу түрінде туған арнаулар. Үшінші ерекшелігі - XVIII ғасырда мақтау, дәріптеумен қатар сын тұрғысында арнаулардың туа бастауы. Сондай-ақ хандық дәуір кезеңінің арнаулары негізінен толғау түрінде дүниеге келді.

XIX ғасыр поэзиясындағы арнау жырларын тұтастай алып қарағанда көңіл аударатын мәселе не және бұл кезеңде арнау өлеңдері қалай дамыды десек, мына мәселелерді бөліп айтар едік. Ол біріншіден, XVIII ғасырда бәсең тарта бастаған жыраулық поэзиядағы арнау өлеңдерінің озық үлгілерінен XIX ғасыр ақындары да толығымен қабыл алып, оны өз заманының тарихи, саяси оқиғасына байланысты дамыта жырлауы. Әр өлкенің өз ерекшелігіне байланысты бірі хан, бірі сұлтан, бірі датқаға сөз арнап өз ішіндегі ренішін жеткізді. Бірақ бұлардың бәрінің басын біріктірген туған халқына, оның болашақ өміріне деген алаңдаушылық-сол іске халықты жұмылдыру. Сондай-ақ XIX ғасыр арнауларындағы басты ерекшелік - отарлау саясатына қарсы халықты үндеу, сол саясаттың ұрпағы парақорлар мен жемқорларды аямай сынау. Ол XIX ғасыр аяғына қарай жеке адамдарға арналған уытты сатиралық арнау түрлеріне ауысып алғаш Жанак, Сүйінбай, Бақтыбай шығармаларында көрініс берсе, Абай арнаулары арқылы классикалық үлгіге ие болды.

Мамандық – бітіру жұмысымызды қорыта келе мынадай тұжырымдарға келдік:

Арнау өлеңдер – ауыз әдебиетінен бастап күні бүгінге дейін жасап келе жатқан өміршең жанр;

- әр дәуір, әр заман арнау өлеңдерінің идеялық мазмұнына, көркемдік ерекшеліктеріне өз ықпалын тигізіп келді және солай бола бермек. Қазіргі кездерде де арнау жанрындағы өлеңдер көптеп кездеседі, одлардың идеялық-көркемдігі бұрынғылардан мүлде өзгеше деуге болады;

-арнау өлеңдерінің нағыз әлеуметтік-қоғамдық мәнге ие болған тұсы Абай дәуірі, ұлы ақынның арнау өлеңдерінде қоғамдық-саяси мәселелер батыл қойылды және көтерілді. Абай анрауларында көркем образдың да асқан биік түрлерін көруге болады;

-анрау өлеңдер табиғаты жағынан сатираға да, юморға да, тіпті қасида-ода жанрына да келе беретін әмбебап жанр.

Пайдаланылғын әдебиеттер.

1. Каримов И.А. ХХІ аср бусоғосида. Тошкент, 2003 й.
2. И.А.Каримов. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент.2008.
2. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш». Шығарма жинағы, Алматы, 1987 ж.
4. З. Қабдолов Сөз өнері, Алматы, 1994 ж.
5. Ә.Қоңыратбаев Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1990 ж.
6. М.Ғабдуллин т.б. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1991 ж.
7. Б.Уахатов Қазақтың халық өлеңдері. Алматы 1987 ж.
8. Р.Бердібаев Кәусар бұлақ. Алматы 1989 ж.
9. «Ақын-жыраулар» жинақ, құрастырған, алғы сөзін жазған Қ.Сыдықов. Алматы, 1992 ж.
10. Қ.Аралбаев. Әдеби дәнекер, Нөкис, 2003 ж.
12. М.Мағауин «Ғасырлар бедері» Алматы, 1990 ж.
13. Айтыс (жинақ) көп томдық. 1,2,3 томдар. Алматы, 1989-90 ж.ж.
14. Бес ғасыр жырлайды. Алматы. 1989.
- 15.Төреқұлов Н. Қазақтың би-шешендері. Алматы.1993.
- 16.Ә.Дербисалин. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы.1990
- 17.М.Жолдасбеков Асыл арналар. Алматы. Алматы.1986.
- 18 Мәдібаева Қ.Зар заман ағымы. Алматы.1998.
- 19.. «Заман-ай» жинақ. Алматы, 1989 ж.
20. Ы. Дүйсенбаев. Тұрмыс-салт өлеңдері. Алматы, 1991 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I ТАРАУ «Жанр табиғаты және арнау өлеңдер»	
1.1. Арнау өлеңдерінің зерттелуі мен сипаты.....	6
1.2. Арнаулардың жанрлық ерекшеліктері.....	10
II ТАРАУ «Арнау өлеңдерінің даму кезеңдері»	
2.1. Ауыз әдебиеті мен ерте дәуір әдебиетіндегі арнау өлеңдер.....	19
2.2. Жыраулар поэзиясындағы арнау өлеңдер.....	23
2.3. XIX ғасыр ақындары поэзиясындағы арнау өлеңдер.....	32
III ТАРАУ « Арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері».....	54
ҚОРЫТЫНДЫ	66
Пайдаланылған әдебиеттер.....	69

